БАРЛЫҚ ЕЛДЕРДІҢ ПРОЛЕТАРЛАРЫ, БІРІГІҢДЕР!

ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ және ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 151 (9469) | 1954 жылғы 31 июль Сенбі | Шығуына 35 жыл Жеке саны 20 тыйын.

БҮГІНГІ НОМЕРДЕ:

ССРО ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІ ПРЕЗИДИУМЫНЫҢ УКАЗЫ (1-бет).

П. В. Беляев. —Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесі ашылар алдында (1-бет).

ПАРТИЯ ТҮРМЫСЫ: **И. Глушенков.** — Кәсіпорындағы партия бақылауы. **Қ. Құрманғалиев.**—Социалистік жарыстың барысы тексерілді (2-бет).

ҚОҒАМДЫҚ МАЛҒА МОЛ ЖЕМШӨП ҚОРЫ ЖАСАЛСЫН: **Б. Ахметов.** —Мәжліс көп, нәтиже аз. **А. Төкенов.** — Сертіне берік машинист. **К. Викторов.** —Мол жемшөп қорын жасау үшін (2-бет).

З. Дегтяренко. —Қала мектептері ер және қыз балаларды бірге оқытуға әзірленуде (3-бет).

Т. Исаева. — Медицина қызметкерлері тың көтерілетін жерлерде (3-бет).

ЕГІН ЖЫЙНАУҒА БАРЛЫҚ ЖАҒЫНАН ҮЛГІЛІ ӘЗІРЛЕНЕЙІК: **Б. Жақыпов.** —Комбайн паркі жұмысқа әзір емес. **Қ. Батпенов.** —Авторота жаңа астықты тасу қарсаңында (3-бет).

Е. Жубанов. —Үлгілі шопан (3-бет).

Шетел хабарлары (4-бет).

КӘСІПОДАҚ ҰЙЫМЫ ЖӘНЕ СОЦИАЛИСТІК ЖАРЫС

Біздің елімізде социалистік жарыс бүкіхалықтық сипатқа айналды. Бұқараның творчестволық инициативасын ұйымдастыруда, өнеркәсіп, транспорт, МТС-тер мен совхоздар және басқа кәсіпорындары жұмысшылары мен қызметкерлерінің социалистік жарысын ұйымдастыруда коммунизмнің мектебі ретінде совет кәсіподақтары зор роль атқарады.

СОКП Орталық Комитеті мен ССРО Министрлер Советі кәсіпшілер одақтарының XI съезіне жазған құттықтауында кәсіподақ ұйымдарының шаруашылық және мәдени құрылыстағы және еңбекшілерді коммунистік рухта тәрбиелеудегі айбынды міндеттерін белгілеп, кәсіподақ ұйымдарын өнеркәсіпте, транспортта, МТС-тер мен совхоздарда социалистік жарысты тынбастан өрістетіп, еңбекшілердің инициативасы мен күш-жігерін өндірістік жоспарларды толық және асыра орындауға, социалистік экономиканың резервтерін барынша толық пайдалануға бағыттап отыруға шақырды. Коммунистік партия мен Совет Үкметінің нұсқауын орындай отырып бүкіл еліміздегі сыяқты, облыстың бірқатар кәсіподақ ұйымдары соңғы кезде социалистік жарысқа басшылықты біраз жақсартты.

Мәселен, Тоқшын совхозының жұмысшылар комитеті (председателі Мұхамеджанов жолдас) өзінің бүкіл ұйымдастыру және бұқаралық жұмысын егіншілер мен мал өсірушілердің, құрылысшылардың социалистік жарысын кеңінен өрістету мақсатына бағындырып отыр. Мұнда социалистік жарыстың барысы үнемі тексеріліп, оның қорытындысы фермалар мен бригадалар бойынша өндірістік жыйналыстарда талқыланады. Өндіріс озаттарының жұмыс тәжрибелері жауынгерлік листоктер мен қабырға газеттерінде, үгітшілердің әңгімелерінде насихатталады. Сонымен қатар, жарыс озаттарына қызыл жалаулар вымпелдер тапсырылады, олардың есімдері құрмет тақталары мен кітаптарына жазылады. Социалистік жарыстың бұқаралылығы мен жариялылығының қамтамасыз етілуі нәтижесінде совхозда ауылшаруашылық жұмыстарының бүкіл саласы, әсресе, мал азығын дайындау, егін жыйнауға әзірлік жұмыстары ұйымшылдықпен жүргізілуде.

Осы сыяқты Петропавл станциясының паровоз депосы, Ворошилов МТС-і кәсіподақ ұйымдары да еңбек өнімділігін арттыруда социалистік жарысқа формальді басшылық жасайды. Олар өндіріс озаттарының жұмыс тәжрибелерін насихаттау, сөйтіп артта қалғандарды алдыңғылардың қатарына қосу жөнінде мардымды ештеңе істей алмай отыр. Осы себепті аталған кәсіпорындары өндірістік жоспарларды орындауда артта қалып келеді.

Социалистік жарыс —творчестволық іс. Ол формальдықты, немқұрайдылықты көтермейді. Олай болса кәсіподақ ұйымдары социалистік жарыстың бұқаралылығы мен оның жариялылығын үнемі қамтамасыз етіп, жұмысшылардың творчестволық инициативасын үнемі қолдап отыруға тиіс.

Ең алдымен социалистік міндеттеме қабылдау жұмысын дұрыс ұйымдастыру қажет. Бірқатар жерлерде социалистік міндеттеме күнібұрын әзірленген үлгі бойынша қабылданып, тек жарысушылардың қолын қойдырумен тынды рылып келеді. Бұл дұрыс емес. Өйткені жұмысшылар мен қызметкерлер өз инициативаларын көрсетудің орнына, күнібұрын әзірленген үлгілерге қол қоюға мәжбүр болады. Жеке социалистік міндеттемелерді жалпы жыйналыстарда бригаданың немесе цехтың өндірістік жыйналысында қабылдау, сөйтіп, оны протоколға жазу сыяқты әдісті қолданған жөн. Әрине, бұл кәсіподақ ұйымынан жұмысшыларға қабылдаған социалистік міндеттемелерін үнемі ескертіп, оның орындалуын қадағалап отыруды қажет етеді.

Социалистік міндеттеме қабылдау істің бастамасы ғана. Сондықтан кәсіподақ ұйымдары жеке адамдардың, бригадалар мен цехтардың арасындағы социалистік жарыстың барысын үнемі тексеріп, оның қорытындысын жариялап отыруға, кездескен кемшіліктерді жою жөнінде қажетті шаралар белгілеуге міндетті. Жұмысты осылай ұйымдастырған күнде ғана бұқараның творчестволық инициативасын бастай білуге болады.

Социалистік жарыстың мақсаты артта қалғандарды алдыңғылардың қатарына қосу, сөйтіп, жалпы өрлеуге жетісу болып табылады. Бұл мақсатқа жету үшін бригадалар мен цехтарда және басқа жұмыс участоктерінде жарысушылардың жұмыс нәтижелерін күн сайын көрсетіп тақталарына жазып, өндіріс озаттарының тәжрибелерін үгітшілердің әңгімелерінде, жауынгерлік листоктардың бет-

Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесі ашылар алдында

☆

Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесі директорының орынбасары П. В. БЕЛЯЕВПЕН әңгіме.

☆

Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесін ашуға әзірлік жұмыстарының бәрі аяқталды. Кәзір көрме орналасқан жерде тас қалаушыларды, штукатурашыларды, нақыштаушы шеберлерді көрмейсің. Грашілер, жолшылар және көгалдандырушылар өздерінің жұмысын аяқтады. Сәнді өсімдіктердің арасында, гүл-бәйшешекке оранған орасан зор павильон -сарайлардан басқа алып құрылыстар көрінін тұр.

Көрме —құрылысшылар мен инженерлердің, ғалымдар мен социалистік егіншілік жаңашылдарының, архитекторлар мен суретшілердің, методистер мен агрономдардың және көптеген басқа мамандардың көп жылғы коллективтік еңбегінің жемісі. Олардың барлық творчестволық жігері, рухтанған ақыл-ойы озат колхоздардың, совхоздардың, МТС-тердің, социалистік егіншіліктің жаңашылдары мен ұйымдастырушыларының тәжрибесін негұрлым түсінікті және айқын көрсетуге, еліміздің ғылми және тәжрибе мекемелерінің жетістіктерін бейнелеуге бағытталды.

Көрменің бас комитеті 76 павильонды және 230 басқа үйлерді қабылдады, олардың жалпы көлемі 2 миллион текшеметрден асады. Соғысқа дейінгі жылдарда көрмеде болғандар, сірә, көрмені танымас болған өзгерістерге таңданар.

Халықтың өкілдері мен шетелдік қонақтарды қабылдауға барлығы әзірленді. Барлық инженерлік құрылыстарды байқаудан өткізу аяқталды. Сирек кездесетін тамаша фонтандардың—«Халықтар достығы», «Тас гүл», «Масақ» фонтандарының және су каскаттарының жұмысты қалай істейтіні тексерілді, жарық берудің алуан түрлі системасы да түгел тексерілді. Кешке көрмеде күндізгідей жарық болады. Люминистентті түтіктері бар жарық беретін ерекше қондырғылар күндізгідей нәзік сәуле болып, ағаштарға төменнен жоғары қарай жарық түсіреді. Кешкі уақытта электр шамдарының жарығына бөленген көрме тамаша бау сыяқты болып көрінеді.

Көрмені бау қаласы деп орынды атайды. Табиғатты қайта өзгертуші ұлы ғалымның және оның шәкірттерінің еңбегі болып табылатын ағаштардың ең бағалы түрлері жыйналған атақты мичурин-дейін дерлік толып жатқан ағаштарды, бұталарды және еліміздің бірқатар таңдаулы колхоздарының егіс танаптарының ықшамдалған участоктерін көруге болады.

Көрмеде әртүрлі өсімдіктер өсірілген 1500-дей участоктер бар. Академик Н. В. Цицин және оның қызметкерлері өсіріп шығарған мол өнімді бірінде бидай-бидайық буданының ерекше маңызы бар. Участоктердің бірінде бидай- бидайық буданың алдымен сепкенде малға көк шөп ретінде шауын алып, ал қайта өскеннен кейін дән үшін ору жөніндегі тәжрибе ойдағыдай өткізілді.

Көрмеде жарты миллионнан аса ағаштар мен бұталар, 40 мың қызыл гүл, 20 мың шырмауықты өсімдіктер және басқа миллиондаған гүлдер өсіп тұр. Мұнда субтропиктік аймақтың мәңгі жасыл күйінде тұратын өсімдіктері, солтүстіктің дақылдары және облыстардан, өлкелерден, автономиялық және одақтас республикалардан әкелінген өсімдіктердің өте бай ассортименті де өсіп тұр. Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесінің территориясында кездестіруге болмайтын Отанымызда қолдан өсірілетін бірде-бір өсімдік жоқ десек асыра сілтеп айтқандық болмайды. Көрменің орасан зор өсімдік қоры барлық ауылшаруашылық дақылдарынан мол және тұрақты өнімді қалай алудың, сөйтіп, мұнымен, халық үшін азық-түлік және жеңіл өнеркәсіп үшін шикізат молшылығын қалай жасаудың нақтылы көрнекі мысалы болып табылады.

Көрменің малшаруашылық құрылыстарында малдар пайда болды. Мұнда 30 күндік карантинде болғаннан кейін әкелінген мыңдаған малдар әкелінді. 3 сыйыр фермасы, қой, шошқа және құс фермалары түгелінен көрмеге орналастырылды, олар мұқият бағылып күтілетін болды, бұл малдарды көрменің тұңғыш қонақтары — колхоздардың, совхоздардың және басқа шаруашылықтардың Москвадағы фермалармен бірге келген озат адамдары ауыл шаруашылығын жоғары өнімді техникамен қаруландыра алған Отанымыздың индустриялық қуатының айқын және нанымды сипаттамасы. Бұл техниканы көрсету қала мен деревня еңбекшілерінің мызғымас берік байланысын, жұмысшы табы мен колхозшы шаруалардың мызғымас одағын бейнелейді.

Көрменің барлық көптеген стендтерін зейнеттеу кәзірдің өзінде аяқталды. Алайда, өмір кейде өзінің түзетулерін енгізеді, сөйтіп, кәзір зейнеттеліп қойылған кейбір стендтерді толықтыруға тура келіп отыр. Мәселен, көрмеге ССРО Министрлер Советі жанындағы Орталық Статистикалық Басқарманың 1954 жылы колхоздардың, машина- трактор станцияларының және совхоздардың көктемгі егісті ойдағыдай өткізгені туралы, жаздық дақылдар егу, тың және тыңайған жерлерді игеру жоспарын артық орындағаны туралы жуырда жариялаған хабарының цифрларын қалай бейнелемеуге болар еді.

Көрменің Бас комитеті Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесіне 170 мың қатысушыны бекітті, олардың ішінен 64 мың —Россия Федерациясынан, 57 мыңға жуығы —Украин ССР-інен, 6 мыңы—Белорусс ССР-інен. Кандидаттарды бекіту ісі әлі жүргізілуде. Еліміздің облыстарына, өлкелері мен республикаларына 300 мың экскурсиялық жолдамалар жіберілді. Москваға күн сайын 3,5 мың адам келетін болады. Олардың көбі кәзір жол үстінде. Қыйыр Шығыстан көрмеге баруға Приамурьеңіз белгілі адамдары жолға шықты. Украинадан, Белоруссиядан және басқа республикалардан экскурсанттардың сапарға шыққаны туралы хабарлар алынды.

Көрменің ашылуына 35 мың адам шақырылады. Олардың ішінде шетелдік қонақтар, ғалымдар, ауыл шаруашылығының мамандары бар. Мұнымен бірге, 20-дан аса мемлекеттің ауыл шаруашылығы министрлігі шақырылды.

Көрмеге келушілерге қызмет көрсету үшін арнаулы троллейбустар бөлінді. Ішкі жартылай айналмалы троллейбус жолында 7 пунктте тоқтайтын 20-ға жуық машина жүретін болады. Көптеген сауда және тамақтандыру кәсіпорындары ашылды

ССРО МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ ПРЕДСЕДАТЕЛІ Г. М. МАЛЕНКОВТЫҢ ҚХР МЕМЛЕКЕТТІК ӘКІМШІЛІК СОВЕТІНІҢ ПРЕМЬЕРІ ЖӘНЕ СЫРТҚЫ ІСТЕР МИНИСТРІ ЧЖОУ ЭНЬ-ЛАЙ МЕН ВДР ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ ОРЫНБАСАРЫ ФАМ ВАН ДОНГТЫҢ ҚҰРМЕТІНЕ ҚОНАҚАСЫ БЕРУІ

29 июльде ССРО Министрлер Советінің Председателі Г. М. Маленков Сыртқы істер министрлерінің Женева кеңесіне қатысып, Совет Үкметінің шақыруымен Москваға келген Қытай Халық Республикасы делегациясының басшысы—Мемлекеттік Әкімшілік Советінің премьері және Сыртқы істер министрі Чжоу Энь-лайдың және Вьетнам демократиялық Республикасы делегациясының басшысы—премьер министрдің орынбасары Фам Ван Донгтың құрметіне қонақасы берді.

Қонақасыда сонымен қатар Қытай Халық Республикасының ССРО-дағы Төтенше және Полномочиелі Елшісі Чжан Вэнь-тянь, Женева кеңесіне қатысқан ҚХР делегациясының мүшелері Ван Цзясян, Ши Чже, Вьетнам Демократиялық Республикасының ССРО-дағы Төтенше және Полномочиелі Елшісі Нгуэн Лонг Банг және Женева кеңесіне қатысқан ВДР делегациясының мүшесі Хоанг Ван Хоэн болды.

Совет жағынан қонақасыда: Л.М. Каганович, А.И. Микоян, В.М. Молотов, М.Г. Первухин, М.З. Сабуров, Н.С. Хрущев, А.Я. Вышинский, В.А. Зорин жолдастар, ССРО-ның Қытай Халық Республикасындағы елшісі П.Ф. Юдин болды.

Қонақасы жылы шырайлы, меймандостық жағдайда өтті.

(СОТА).

Н. С. ХРУЩЕВТЫҢ ЧЖОУ ЭНЬ-ЛАЙМЕН ӘҢГІМЕЛЕСУІ

29 июльде СОКП Орталық Комитетінің бірінші секретарь Н.С. Хрущев Қытай Халық Республикасының Мемлекеттік Әкімшілік Советінің премьері және Сыртқы істер министрі Чжоу Энь-лайды қабылдап, онымен ұзақ әңгімелесті.

Әңгімеге Ван Цзя-сян және Чжан Вэнь-тянь қатысты.

ЧЖОУ ЭНЬ-ЛАЙДЫҢ ССРО ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІ ПРЕЗИДИУМЫНЫҢ

өзіндік күнын кеміту, техника қуатын толық пайдалану жолындағы социалистік жарысты ұйымдастыруда айтарлықтай шаралар жүзеге асырыла. Депо паровозшылары үстіміздегі жылдың алғашқы жартысында төртжарым мыңнан астам ауыр салмақты поездар жүргізіп, жоспардан тыс мыңдаған тонна жүк тасыды. Машинистер Ахмадиев, Бубенчик және басқа жолдастар социалистік жарыста жоғары көрсеткіштерге ие болып, құрмет тақтасына жазылды.

Алайда, кейбір кәсіподақ ұйымдарының негі жұмыстары социалистік жарысты ұйымдастыруда орын алып отырған көп жерлердегі формальдық пен жауапсыздықты бүркемелей алмайды. Жасыратынды жоқ, көп жерлерде кәсіподақ ұйымдары социалистік жарысты ұйымдастыруда ССРО кәсіподақтарының XI съезі қойған талаптарға сай жұмыс істей алмай отыр. Мысалы, Николаев МТС-і жұмысшылар комитеті, оның председателі Яшин жолдас механизаторлардың социалистік жарысын ұйымдастырудан тыс қалған. Жөндеу мастерскойындағы комбайншылардың және бірқатар бригадаларда тракторшылардың жұмыс нәтижелері көрсеткіш тақталарына жазылмайды. Кәсіподақ ұйымының жиналысында немесе механизаторлардың өндірістік кеңесінде социалистік жарыстың барысы жөнінде мәселе талқыланбағанына ұзақ уақыт өткен. Міне сондықтан да МТС-тің мал азығын дайындауда, комбайндарды жөндеуде артта қалуына таңдануға болмайды.

Мұндай фактілер неке- саяқ емес. Қаладағы кірпіш, сыра заводтары, аяқкиім фабрикасы кәсіподақ ұйымдары сохаттан өтіру қажет.

Кәзір ауылшаруашылық жұмыстарының қауырт кезеңі басталды. МТС, совхоз кәсіподақ ұйымдарының кезек -күтпірмейтін міндеттері мал азығының берік базасын жасау, егін жыйнау мен мемлекетке астық тапсыру жұмыстарына ұлғілі әзірлену жолындағы социалистік жарысты кеңінен ұйымдастыру болып табылады. Бұл күндері әрбір жұмысшының, механизатордың еңбек өнімділігін арттыру, сөйтіп өзіне тапсырылған жұмысты аброймен орындау мақсатына жұмылдыру қажет.

Кәсіподақ ұйымдарының социалистік жарысты ұйымдастыру дәрежесі жоғарғы кәсіподақ органдарының басшылығы мен көмегіне тікелей байланысты екені мәлім. Солай бола тұрса да кәсіподақтардың облыстық комитеттері төменгі ұйымдарға бұл жөнінде қажетті көмек көрсете алмай отыр. Ауыл шаруашылығы және тайындау қызметкерлері кәсіподағының облыстық комитетінің (председателі Звягровской жолдас) соңғы 6 айдың ішінде совхоз және МТС- тер бойынша социалистік жарыстың барысын бірде-бір рет қарытпауына тіпті де төзуге болмайды. Кәсіподақтардың облыстық комитеттері жұмыстың кеңесшілдік- төрешілдік әдісінен арылып, социалистік жарысты ұйымдастыру жөнінде кәсіподақ ұйымдарына жанды басшылық жасауға міндетті.

Социалистік жарыста жаңа табыстарға жету кәсіподақ ұйымдарының бүкіл жұмысын жақсартуды, бұқараның творчестволық инициативасын қолдауды талап етеді. Кәсіподақ ұйымдарының бүгін таңдағы абройлы міндеті, міне, осы.

нында бұдан екі жыл бұрын жүздеген көп жылдық жеміс ағаштары отырғызылған болатын. Барлық жұмыс бұл ағаштар бірінші августа келушілерді мол өнім өсіп тұрған күйінде қарсы алатындай етіп істелді. Бұл жоспар іске асты. Негізгі магистральдің бүкіл өн бойымен жемісі өсіп тұрған алма, алмұрт және шие ағаштарының аллеялары өтеді.

Тіпті жуырда ғана ашық жер учаскелерін көруге болатын еді. Кәзір бұл учаскелер декорациялық гүлдерден жасалған кілеммен жабылғандай болып тұр. Алуан түрлі түстегі нағыз әртүрлі гүлдер шешек атпай тұрған көрменің бірде-бір түпкірі жоқ. Мәселен, екі фонтанның арасындағы орталық алаңдағы орасан зор гүл партері өте көркем, ол соңғы күндерде жасалды.

Өсімдік шаруашылығы бөлімінің экспонаттық учаскелерін көрмеге келушілерді қабылдауға әзір. Әрбір учаскеде өсімдіктерді көресің, олардың этикетінде өсімдіктің сорты, оны өсіріп шығарған ұйымның аты, селекционерлердің фамилиясы көрсетілген. Мұнда елімізде аудачдастырылған дәнді, техникалық және басқа ауылшаруашылық дақылдарының таңдаулы сорттарын,орман алқаптарына

Павильон- заводтардың жұмысты қалай істейтіні байқалды. Олар жұмыс істейтін үлкен кәсіпорындар. Бұлардың бірі—құрама азық заводы, ол көрмеге әкелінген 2 мыңнан аса сыйыр малы, жылқы, шошқа, қой, түйе, бұғылар және басқа малдар мен көптеген құстар үшін алуан түрлі азықтар әзірлейді.

Екінші бір кәсіпорын— күрделі аппаратурасы, сүтті қуюға және шөлмектердің ауызын бекітуге арналған ең жаңа автоматтары, май және сыр жасауға арналған жабдықтары бар сүт заводы. Үшінші кәсіпорын —құс фабрикасы, ол кәзірдің өзінде астананың сауда орындары мен колхоз фермаларына 40 мың балапан берді. «Главмясо» павильонында сосиска, котлет, пельмендер және пирогтер жасайтын автоматтар пайдалануға беруге әзірленді.

Көрмеде көрсетілетін барлық машиналарды монтаждап, бояу аяқталды. Олар ашық алаңдарда да, механикаландыру және электрлендірудің орасан зор павильонында да қойылған; бұл павильонның залдары үлкен жарық ақпарлар сыяқты, онда нағыз әртүрлі жұмысқа арналған машиналардың 1200-ге жуық түрі қойылған. Бұл —социалистік

дағы ең үлкен ресторандардың бірі салынды. Бұдан басқа, көптеген басқа ресторандар, асханалар, кафәлер, тамақханалар, ұлттық тағамдар сатылатын шайханалар, киоскілер, палаткалар бар. Ондаған магазиндер тауарларға толтырылды, оларда көрме туралы ескерткіш ретінде әртүрлі буйымдарды да сатып алуға болады.

25 июльде көрмеде партия мен үкмет басшылары болды. Олар көрменің қызметкерлер коллективі көрмені салу, зейнеттеу және көгалдандыру жөнінде жасаған зор жұмысын атап көрсетті. Мұнымен бірге, жергілікті партия, совет және ауылшаруашылық органдарының көрмеге қатысушыларды іріктеп алу және экспонаттарды әзірлеу жөнінде істеген аса зор жұмыстары да атап көрсетілді. Партия мен үкмет басшылары көрменің ауыл шаруашылығының барлық салаларын онан әрі өркендетіп, совет елінде ауылшаруашылық азық-түліктерінің молшылығын неғұрлым тез жасауға көмектесетіндігіне сенім білдірді.

(СОТА).

29 июльде Қытай Халық Республикасының Мемлекеттік Әкімшілік Советінің премьері және Сыртқы істер министрі Чжоу Энь-лай ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Председателі К.Е. Ворошиловқа барып жолықты.

Әңгімеге ҚХР сыртқы істер министрінің орынбасары Чжан Вэнь-тянь қатысты.

ССРО МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ ПРЕДСЕДАТЕЛІ Г. М. МАЛЕНКОВТЫҢ ЧЖОУ ЭНЬ-ЛАЙДЫ ҚАБЫЛДАУЫ

29 июльде ССРО Министрлер Советінің Председателі Г. М. Маленков Қытай Халық Республикасының Мемлекеттік Әкімшілік министрі Чжоу Энь-лайды қабылдап, оымен ұзақ әңгімелесті.

Әңгімеге ҚХР сыртқы істер министрінің орынбасарлары Чжан Вэнь-тянь және Ван Цзя-сян қатысты.

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНЫҢ АЛДЫҢҒЫ ҚАТАРЛЫ МЕХАНИЗАТОРЛАРЫНЫҢ ҮСТІМІЗДЕГІ ЖЫЛЫ БҮКІЛОДАҚТЫҚ АУЫЛШАРУАШЫЛЫҚ КӨРМЕСІНЕ ҚАТЫСУЫ ТУРАЛЫ

Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесінің Бас комитеті үстіміздегі жылғы егін жыйнау кезінде ауылшаруашылық дақылдарын жыйнаудың өздеріне тағайындалып берілген жоспарын қысқа мерзімде орындаған және көрменің бас комитеті белгілеген нәтижелерге жеткен астық комбайндарының комбайншылары мен олардың көмекшілерін, картоп жыйнайтын комбайндардың комбайншыларын механиктерді, мақта жыйнайтын машиналарды жүргізушілерді шөп машиналарының, зығыр бастыратын, кендір жыйнайтын машиналардың машинистерін, ауыл шаруашылығының және басқа да қызаттарын Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесіне үстіміздегі жылы қатысушылар етіп бекітуді қажет деп тапты.

(ҚазТАГ).

«ШВЕЦИЯ—СОВЕТ ОДАҒЫ» ҚОҒАМЫ ДЕЛЕГАЦИЯСЫНЫҢ АЛМАТЫҒА КЕЛУІ

23 июльде Алматыға «Швеция- Совет Одағы» қоғамының медицина ғалымының докторы Ханс Эман бастаған делегациясы келді.

Қонақтарды аэродромда республика астанасы жұртшылығының өкілдері және шетелмен мәдениет байланысының Қазақ қоғамының жауапты қызметкерлері қарсы алды.

Қонақтарды Алматы қаласының еңбекшілері атынан шетел мен мәдениет байланысының Қазақ қоғамы басқармасының председателі И. Смағұлов құттықтады. Делегацияның басшысы Ханс Эман жауап сөз сөйлеп, өздеріне көрсетілген жылы шырайлы және қуанышты қарсы алу үшін алғыс айтты.

Делегация Алматыда бірнеше күн болады.

(ҚазТАГ).

Н. Н. Колесникова жолдасты Ленин орденімен наградтау туралы

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Указы

Н. Н. Колесникова жолдастың қоғамдық -саяси қызметіне елу жыл толуына байланысты және оның революциялық қозғалысқа белсене қатысқандығын ескеріп, Надежда Николаевна **Колесникова** жолдас **Ленин** орденімен наградталсын.

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Председателі К. ВОРОШИЛОВ.
ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Секретары Н. ПЕГОВ.

Москва, Кремль
29 июль, 1954 жыл.

Қазақстан Коммунистік партиясының Орталық Комитетінен, Қазақ ССР Министрлер Советінен және Қазақ ССР Жоғарғы Советінен

Қазақстан КП Орталық Комитеті, Қазақ ССР Министрлер Советі және Қазақ ССР Жоғарғы Советі Совет Одағы Коммунистік партиясының адал ұлы, Қазақстан КП Орталық Комитетінің мүшесі, Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаты, В. И. Ленин атындағы Бүкілодақтық ауылшаруашылық Ғылым академиясы Қазақ филиалы Президиумының председателі Ахмет Дәкішұлы **Дауылбаевтың** ұзаққа созылған ауыр науқастан кейін 1954 жылғы 28 июльде қайтыс болғанын партияның мүшелеріне және Қазақстанның барлық еңбекшілеріне қатты қайғырып хабарлайды.

ҚАЗАҚСТАН КОММУНИСТІК ПАРТИЯСЫНЫҢ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ

ҚАЗАҚ ССР ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІ

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІ

Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесінде

Молдаван ССР-нің павильоны.

(СОТА-ның фотохроникасы).

ПАРТИЯ ТҰРМЫСЫ

Кәсіпорындағы партия бақылауы

Петропавл шағын двигательдер заводы шығаратын өнімдер халық шаруашылығының көптеген саласында кеңінен пайдаланылуда. Стандартты шағын двигательдер орман шаруашылықтарында, жылжымалы электр станцияларында және ауыл шаруашылығында кең орын алды. Олар-шөп маялағыштарды, астық кептіргіштерді, веялкаларды және басқа механизмдерді қозғалысқа келтіруде. Сондықтан да шағын двигательдерге деген керексіну күннен- күнге өсе түсуде. СОКП Орталық Комитетінің сентябрь Пленумынан кейін шағын двигательдердің қажеттігі бұрынғыдан да артты. Пленум қаулысы петропавлдық мотор жасаушылардың арасында еңбектің жаңа өрлеуін туғызды.

Шаруашылықтың түрлі саласының техника қуатына деген өскелең талабын қанағаттандыру завод коллективінің абройлы ісі болып табылады. Бұл істе партия ұйымының атқаратын ролі зор. СОКП Уставы партия ұйымдарына шаруашылық басшыларының жұмысына бақылау жасау правосын берді. Алайда, бұл зор правоны завод партия ұйымы тар көлемде түсініп, оны жүзеге асыруда елеулі кемшіліктерге жол беріп келді.

Кейбір цех партия ұйымдары, кейде заводтың партия бюросы шаруашылық қызметкерлерінің есебін тыңдап, қаулы алумен іс бітеді деп ойлады. Шынында бұл жұмыстың бастамасы ғана.

Облыстық партия комитеті мен қалалық партия комитеті завод партия ұйымының жұмысындағы кемшілікті кезінде ескертіп, оны жою жөнінде қажетті көмек көрсетті. Партия бақылауы — өндірістің артта қалған буындарын озаттардың қатарына қосудың, кадрларды тәрбиелеудің, тоқыраушылыққа қарсы күрес жүргізудің, жаңа резервтерді табудың маңызды құралы. Бұл тек басшы партия қызметкерлері ғана емес, бүкіл актив, қалың бұқара жүзеге асыруға тиісті іс. Осыны жете түсініп партия ұйымы бақылау правосын жүзеге асыруды соңғы кезде біраз жақсартты.

Өткен жылы завод өзінің алдында тұрған шаруашылық міндеттерді орындай алмады. Мемлекетке 3 миллион сомның двигательдерін бере алмады. Еңбек өнімділігі 89,5 проценттен аспады.

Партия ұйымы үстіміздегі жылдың январь айында партия жиналысында заводтың 1953 жылғы жұмысы туралы мәселе талқылауды ұйғарды. Шаруашылық жұмыстардың жайымен терең танысу үшін партия бюросы коммунистер мен өндірісті жақсы білетін активтерден комиссия құрды. Коммунистерге жиналыстың болатын күні бір апта бұрын хабарландырылды.

Бюро және комиссия мүшелері алда болатын жиналыс туралы коммунистермен әңгіме өткізді. Олар кәсіпорынның әрбір буынындағы жұмыстың жайымен терең танысты. Алдын- ала жүргізілген

цілдету жөнінде инженер- техник қызметкерлерімен арнаулы кеңес өткізіп, қажетті шаралар белгіледі.

Үгітшілер цехтарда СОКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумының қаулысын түсіндіру жөнінде жұмысшылармен әңгімелер өткізіп, мотор жасаушылардың алдында тұрған кезек күттірмейтін міндеттерді айтты. Коллективтің цехтық және сменалық жиналыстарында 1954 жылдың жоспарын мерзімінен бұрын орындау жөнінде социалистік міндеттемелер қабылданып, жұмысшылар өзара социалистік жарысқа ұштасты. Жұмыс орындары коллективті еңбектегі жаңа жетістіктерге шақыратын көрнекі үгітпен жабдықталды. Ал, коммунистер социалистік жарыстың алдыңғы сапында болып, жұмысшыларды еңбек өнімділігін арттыру күресіне бастай білді.

Коммунистер слесарь Романов, автоматшы Кучинский, үлгі жасаушылар Сергеев, Пантелеев және басқалары еңбек өнімділігін еселеп арттыру арқылы күн сайын жұмыс нормаларын екі есе және одан да артық орындайтын болды. Коммунистердің еңбек өнегелері партияда жоқ тардың қызу қолдауын тапты. Мәселен, фрезеровщик Денисов 4 станокты қамтып, бір мезгілде 4 бөлшекті өңдейтін болды. Ол технологиялық процесті жетілдіру жөнінде бірнеше рационализаторлық ұсыныстар жасады.

Партия ұйымы еңбек өнімділігін арттыру, өндіріске жаңа техника мен озат технологияны енгізу, ішкі резервтерді пайдалану мәселелерімен үнемі шұғылданады. Заводтың өткен жылғы жұмыстарының қанағаттанғысыз болуының себебін тексере келгенде жеке цехтардың жұмысындағы елеулі кемшіліктер ашылды. Мысалы, құю цехы үлгі құятын орындардың жеткіліксіз болуы және металл құюды нашар механикаландырудың салдарынан өндірістік программаны орындай алмай келді. Осы себепті механикалық және құрастыру цехтары жұмысты біркелкі жүргізе алмады.

Цех партия ұйымының инициативасы бойынша февраль айында негізгі дайындау цехының жұмысын жақсартуға бағытталған бірқатар ұйымдық- техникалық шаралар жүзеге асырылды. Білік жасайтын және үлгі құятын бөлімшелердің жұмысы жаңаша ұйымдастырылды. Осының нәтижесінде өндірістік алаңды 140 шаршыметр кеңейтіп, құю жұмысын бірнеше рет арттырды.

Кәзіргі кезде шойынды құю және үлгі құятын топырақтарды әзірлеу жұмыстары комплексті механизация әдісімен жүргізілуде. Үлгі құятын қуатты машина алынды. Ол машинаны таяудағы күндері жұмысқа қосу үшін тәжрибелі механик-коммунист Балашов жолдас басқарған монтажшылардың арнаулы бригадасы жұмыс істейді.

Бұл жұмыс аяқталғаннан кейін цехтың қуаттылығы 30-40 процент артып,

Партия бюросы өткен жылы декабрь айында двигательдің жаңа түрін шығаруға өндірісті әзірлеу жөнінде арнаулы мәселе талқылады. Бұған инженерлер мен техниктер, озат жұмысшылар қатысты. Партия бюросы техникалық процестерді жақсарту жөнінде бірқатар шаралар белгілеп, қаулы алды. Оның орындалуын ұйымдастырды. Бұқаралық- саяси жұмыстың мазмұны партия бюросының қаулысын насихаттау мақсатына бағытталды.

Бұл шаралардың нәтижелері мынадай: завод министрліктің тапсырмасын өткен жылы небары 12,8 процент қана орычдаса, үстіміздегі жылдың алғашқы жартысында тапсырманы 100 процент орындады. Үстіміздегі жылдың алғашқы жартысында завод коллективі жоспарды жалпы өнім бойынша 104,8 процент, товарлы өнім бойынша 105,4 процент орындауға, сөйтіп, жоспардан тыс мыңдаған сомның өнімін шығаруға жетісті. Жартыжылдық жоспар еңбек өнімділігін арттыру жөнінде 103 процент, өнімнің өзіндік құнын кеміту жөнінде 6,1 проценттің орнына, 8 процент орындалып, мыңдаған сом қаржы үнемделді.

Егер цехтарда, участоктерде партия жұмысы жақсы ұйымдастырылса оларда табыстан табысқа жету мүмкін екендігін тәжрибе айқын көрсетін отыр. Бұл жөнінде жөндеу- механикалық цехын мысалға алуға болады. Мұндағы партия ұйымы екі цехтың жөндеу- механикалық және ұста цехтарының коммунистерін біріктіреді. Партия жиналыстары айына екі рет өтіп, онда цехтың өмірінен алынған мәселелер талқыланады.

Цех коммунистері партиялық тапсырмалар атқарады. Партия ұйымы жұмысшылармен үнемі байланыс жасап, бұқаралық- саяси жұмысты мазмұнды ұйымдастырады. Мұнда күн сайын түскі үзілісте газет, журналдардың материалдары бойынша әңгімелер өткізу әдетке айналды. Үгітшілер өздерінің әңгімелерін коллективтің алдында тұрған нақтылы міндеттерімен байланыстырады.

Партия ұйымы кадрлардың саяси және техникалық білімдерін арттыру мәселелеріне әрқашан назар аударып келеді. Цех коммунистерінің 80 проценті оқу орындарында оқыйды. Цехтың завод бойынша социалистік жарыста үнемі бірінші орынға ие болуы —ең алдымен партиялық- ұйымдық және партиялық-саяси жұмыстың нәтижесі.

Алайда, партия бюросының және цех партия ұйымдарының жұмысында әлі де болса елеулі кемшіліктер бар. Ол кемшіліктер мынада: біз өзіміздің күнделікті жұмысымызда ең басты мәселемен—бұқара арасындағы жұмыспен, коллективті еңбек тәртібін қатаң сақтау рухында тәрбиелеу мәселелерімен жете шұғылдана алмай келеміз. Коллективтің жұмыста ақауға жол бермеу жөніндегі міндеттемә-

Қоғамдық малға мол жемшөп қоры жасалсын

Соколов ауданындағы Сталин атындағы колхозда жұмыс істейтін өздігінен жүретін кеңалымды шөп машинасының машинисі П. Скворцов быйыл 2 мың гектар пішен шабуға міндеттенген еді. Ол міндеттемесіне лайық еңбек етіп, кәзірдің өзінде 1000 гектар жердің шөбін шапты.

СУРЕТТЕ: **П. Скворцов** жолдастың шөп шауып жүрген кезі.

Суретті түсірген **А. Розенштейн**.

Сертіне берік машинист

—Мамандықтың бәрі де жақсы ғой, дегенмен өздігінен жүретін шөп машинасымен жұмыс істеуге құмар-ақпын. Быйыл мені өздігінен жүретін машинаға машинист етіп жіберіңіз, — деді Шаяхмет Кабдолов Семиполка МТС- нің директоры Мальченко жолдаска.

Мальченко жолдас өкенін балаға қарайтын мейірімімен Шаяхметке бір қарап қойды да, ойланып қалды. Шаяхметтің өткен жылы трактор қуатын өнімді пайдаланып, жылдық тапсырмасын аброймен орындағанын есіне түсірді. Оның өзіне бекітілып берілген машинаға ұқыптылықпен күтім жасайтынын да еске алды.

—Бұл тілегіңді қанағаттандыруға болады, Қабдолов жолдас, —деді ол.— Бірақ, саған қоятын да тілек бар.

—Айтыңыз, ол тілегіңізді.

—МТС —колхоз өндірісін өркендетудегі шешуші күш. Сондықтан біздің әрбір механизатор өздеріне тапсырылған іске қоғам мүддесі, халықтар мүддесі тұрғысынан қарауға тиіс.

—Әрине, солай, —деді Шаяхмет.

—Өткен жылы кейбір механизаторлар өздігінен жүретін машиналарды пішен шабуға өнімді пайдаланбады. Мұның ақыры колхоздарда мал азығының жоспардағыдан көп кем дайындалуына әкеліп соқты. Мысалы, Жамбыл атындағы колхозда шөп дайындау жоспарының үштен бірі де орындалмай қалды. Бұл мал қыстатуды көп қыйыншылықтарға ұшыратты. Мен сіздің жаңағы тілегіңізді қанағаттандырумен бірге, быйыл пішен шабуға осы Жамбыл атындағы колхозға баруыңызды мақұл көремін.

—Барамын, —деді Шаяхмет.

машинист Кабдолов жолдас, —деді директор күліп.

—Мұндай міндеттеме алмасам мен Сізге бұл тілекпен келмепен де болар едім.

—Жақсы, еңбегіңнің табысты болуына тілектеспін. МТС- ке жаңадан келген «КС-10» машинасының бірін Сізге бекітіп беремін.

—Рахмет директор жолдас, —деді Шаяхмет жайдары жүзбен.

Бұл үстіміздегі жылдың апрель айында болған әңгіме еді. Бұлар Жамбыл атындағы колхоздың шабындық даласында жақында тағы да кездесті.

—21 жұмыс күні ішінде 1100 гектар! Сонда күн сайын орта есеппен алғанда 50 гектардан астам шабындықтың шөбі шабылған ба? Үлкен табыс! Күттықтаймын, Кабдолов жолдас, —деді директор шын риза болған ынтымен Шаяхметтің қолын қысып.

Қабдолов жолдас шынында да еңбек өнімділігін арттыруға бар күшін аямай жұмсады. Ол күн сайын 2 нормаға дейін орындап жүр. Пішен шабу басталғаннан бері оның машинасы бір рет те тоқтаған емес.

Қабдоловтың мұндай табысқа жетуінің сыры —машинаға техникалық күтімді дұрыс жасап, уақытты өнімді пайдалана білуінде. Жұмысты таңертеңгі сағат 6-да бастайды. Машинаның шөп шабатын бөлшектерін майлауға бөлетін уақытты қоспағанда, ол күн батқанға дейін тоқтаусыз жұмыс істейді. Түскі үзіліске бір сағат ғана тоқтайды. Бұл дезде тамақтанумен бірге машинаға техникалық күтім жасайды. Картердегі майды, бактегі бензиннің мөлшерін байқайды. Радиоаторға су құя-

★

Мол жемшөп қорын жасау үшін

Мичурин атындағы колхоз Конюхов ауданындағы ірі шаруашылықтың бірі. Мұнда егіншілік мәдениетінің арттырылуымен бірге, қоғамдық мал шаруашылығы да жедел өркендеуде. Оның фермаларында мыңдаған бас мал бар. Колхоз жыл сайын қоғамдық мал басын көбейту, оның өнімділігін арттыру жөнінде айтарлықтай табыстарға жетіп келеді. Мұның өзі жемшөп қорының жеткілікті мөлшерде дайындалуына байланысты екені сөзсіз. Колхозшы шаруалар осы колхозды қамтыйтын Суворов МТС- нің механизаторларымен әр уақытта да жұмысты тығыз ынтымақпен істей отырып, жыл сайын пішен дайындау жұмысын ұйымшылдықпен жүргізіп, қоғамдық малды жемшөп қорымен қамтамасыз етуде. Өткен жылы колхоз жемшөп дайындау жоспарын артығымен орындаған болатын. Соның нәтижесінде мал қыстан аман, әрі күйлі шықты.

Колхоз мүшелері үстіміздегі жылы да пішен дайындау жұмысына ұйымшылдықпен кірісті. МТС тарапынан жұмыс істеп жүрген шөп машиналарынан басқа жемшөп дайындауға колхоздың қолда бар шөп машиналары мен тырнауыштары қатыстырылған. Машинашылар өзара социалистік жарысты кеңінен өрістете отырып, күндік тапсырмаларын толық және артығымен орындауда. Мәселен, трактор агрегатының кеңалымды шөп машинасының машинашысы Рейбонд жолдас күн сайын 20 гектардың орнына, 35-40 гектарға дейін шабындықтың шөбін шабуда. Мұндай табысқа озат машинист техниканы уақытылы күтудің, жұмыс уақытын үнемді пайдаланудың, сөйтіп, еңбек өнімділігін еселеп арттырудың нәтижесінде ғана жетісін келеді. Қажырлы еңбек етіп, өздерінің күнделік нормаларын толық және асыра орындап жүрген мұндай машинистер аз емес.

Машинашылардан шөп жыйнаушылар және маялаушылар да қалысатын емес. Олар шөп, шабу мен оны жыйнаудың арасында алшақтықтың болмауына жетісіп жүр. Маяшылар Шевцова, Эрнст жолдастар күніне 100- 120 центнер шөп үйіп, өздерінің тапсырмаларын 140 проценттен орындайды.

Жыйналған шөпті мал қораларының қасына тасу да ойдағыдай ұйымдастырылған. Бұл жұмысқа колхоз басқармасы тиісті адамдар, тұрақты 15 пар көлік бөлді. Шөп тасушы колхозшылардың көбі күніне екі рет шөп әкелудің орнына, 3, кейде 4 рет әкеледі. Олардың барлығы күндік тапсырмаларын асыра орындауда. Соның нәтижесінде мал фермаларына кәзірдің өзінде 1500 гектар шабындықтың шөбі түгел тасылып үйілді.

Колхоз мүшелері МТС механизаторларымен өздерінің күш- мүмкіншіліктерін есептей келіп, пішен дайындау жоспарын

жыйналыс сын мен өзара сын кең өрістеген жағдайда өтті. Коммунистер күн тәртібіндегі мәселені талқылауға белсене қатысты. Жыйналыста 14 адам сөз сөйледі. Олар завод және цех басшыларын қатаң сынға алып, жұмыстағы кемшіліктерді батыл ашты, бағалы ұсыныстар жасады. Партия жыйналысының қаулысы мен коммунистердің сын ескертпелерін жүзеге асыру мақсатында партия бюросы мен завод дирекциясы металды үнемдеу, двигательдердің салмағын жеңілдету анағұрлым арттыратын болады. Құю цехында жұмыс істейтін жұмысшылардың еңбек өнімділігі кемінде 1,5 есе артады.

Өткен жылы құрал- сайман жасайтын цехтың жұмысы нашар ұйымдастырылды. Заводтың біркелкі жұмыс істеуі үшін цехты қажетті құрал- жабдықтармен толықтыру керек болды. Бірақ, бұл үшін өндірістік алаң жетпеді, мұның үстіне цех құрал- саймандар өндірумен бірге басқа заказдарды орындайтын еді.

керек.

Завод партия ұйымы партия бақылауын жүзеге асыру жолында қол жеткен біраз тәжрибелерін байыта отырып, завод коллективін еңбек өнімділігін арттыру, өнімнің өзіндік құнын кемітіп, оның сапасын жақсарту жолындағы социалистік жарысқа ұйымдастыра береді.

И. ГЛУШЕНКОВ,

Шағын двигательдер заводы партия бюросының секретары.

Социалистік жарыстың барысы тексерілді

Октябрь ауданындағы «Заря коммунизма» және Киров атындағы ауылшаруашылық артельдері өзара социалистік жарысқа ұштасқан. Жақында, Киров атындағы колхоздың өкілдері «Заря коммунизма» артеліне келіп, егіс бригадалары мен мал фермаларында, пішеншілер арасында бо лу арқылы социалистік жарыстың барысын тексерді.

Мұнан кейін коммунистер мен колхоз активтерінің тексеріс қорытындысына арналған кеңейтілген жыйналысы өтті. Жыйналыста Киров атындағы колхозды келген комиссияның председателі, агроном Казановский жолдас жарысқа түскен екі колхоздың шаруашылықты ұйымдастырудағы қол жеткен табыстарын бірге, кездескен кемшіліктерді көрсетті.

Екі колхоз да көктемгі дала жұмыстарын ұйымшылдықпен өткізіп, бітік егін өсірді. Қоғамдық мал шаруашылығын өркендетуде де қол жеткен табыстар аз емес. Алайда, мал азығын дайындау, егін жыйнауға әзірлік жұмыстарында елеулі кемшіліктерге жол беріліп отыр.

Мәселен, «Заря коммунизма» колхозы мал өсірудің жылдық жоспарын жылқы мен қойдан көзірдің өзінде біржарым есе асыра орындады. Бірақ, қоғамдық мал үшін жемшөп қорын дайындау жұмыстарын баяу жүргізуде. Июльдің 25 дейін мал азығын дайындау жөніндегі жоспар жартылай ғана орындалды. Шөп шабу мен оны маялаудың арасында алшақтыққа жол берілген. Мұның бәрі пішеншілердің социалистік жарысын нақтылы ұйымдастырмаудан болып отыр.

Киров атындағы колхоздың партия бюросының секретары Дүйсенбеков жолдас өзінің сөзінде колхозшы шаруаларға СОКП Орталық Комитеті июнь Пленумының қаулысын кеңінен түсіндіру жөніндегі бұқаралық- саяси жұмыстың жайына тоқтады. Ол «Заря коммунизма» колхозында кейбір үгітшілер өздерінің әңгімелерін колхозшылардың алдында тұрған нақтылы міндеттермен ұштастырмай, жалаң өткізетіні жөнінде мысалдар келтірді.

«Заря коммунизма» колхозының коммунистері мен активтері Қожахметов, Шумков, Изотов, колхоз председателі Жинов және басқалары Киров атындағы колхоздан келген комиссия мүшелерінің көрсеткен кемшіліктерін түгел мойындап, ол кемшіліктерді жоюға уәде берді. Таяудағы күндерде «Заря коммунизма» колхозының өкілдері Киров атындағы колхозда болмақ.

Қ. ҚҰРМАНҒАЛИЕВ.

Саяси-бұқаралық жұмыстың нәтижесі

Ленин ауданы, Воровский атындағы колхоз партия ұйымы (секретары П. Бормат жолдас) өзінің практикалық жұмысында қоғамдық мал шаруашылығын онан әрі өркендетудің шешуші шарты ретінде жемшөп қорының берік базасын жасау ісіне ерекше назар аударын келеді.

Колхоз партия ұйымы пішеншілер арасында СОКП Орталық Комитетінің июнь Пленумының қаулысын талқылауды ұйымдастырды.

Пішеншілер арасында 8 үгітші жұмыс істейді. Олар июнь Пленумының қаулысын түсіндіру жөнінде үнемі дауыстап газет оқып, әңгімелер өткізуде.

Партия ұйымының жүргізіп отырған бұқаралық-саяси жұмысы өзінің тиісті нәтижесін беруде. Пішеншілердің социалистік жарысы кеңінен өріс алды. Шөп шабуда, оны жыйнауда социалистік міндеттемелерін мүлтіксіз орындап жүрген колхозшылар көптен саналады.

Мәселен, № 1 бригадада жұмыс істейтін колхозшылар В. Пилипенко, Ф. Чичен ко, А. Сегный, И. Галайда жолдастардың әрқайсысы күн сайын 50 центнердің орнына 60-65 центнерден шөп маялап жүр. Ал, Отан соғысының мүгедегі И. Вәрожбит тракторға тіркелген кеңалымды машинамен 45 гектар шөп шабады.

№ 1 бригададан № 2 бригаданың пішеншілері де қалысатын емес. Мұнда жұмыс нормаларын орындамайтын бірде-бір адам жоқ. Шөп маялаушы А. Прус, Х.Якдиев, Ж. Әлібеков шөп машинасының машинисі П. Криворучко жолдастар өткен бескүндікте нормаларын асыра орындады.

СОКП Орталық Комитеті июнь Пленумының қаулысымен жігерленген колхозшы шаруалар мал азығын дайындауда социалистік жарыстың туын жоғары ұстайды.

Б. СӘКЕНОВ.

Бригададағы партия тобы

Образцовая МТС- нің қамтуындағы «Қазақстанның 30 жылдығы» колхозында жұмыс істейтін № 20 трактор бригадасында партия тобы ұйымдастырылған болатын. Мұнда партия тобының секретары Дикий жолдас.

Партия тобы механизаторлар арасындағы саяси-бұқаралық жұмысты кеңінен өрістете отырып, олардың еңбек майданында жаңа табыстарға жетуін қамтамасыз етіп келеді. Механизаторлардың барлығы да социалистік жарысқа ұштасқан. Дикий жолдас үгітшілермен бірлесе отырып, әрбір бескүндік сайын социалистік жарысқа қорытынды жасап отырады. Жарыста озып шыққандарға ауызпалы вымпелдер беріледі, құрмет тақтасына жазылады.

Бригадада шығын тұратын жауынгерлік листок еңбек өнімділігін арттыруда үлкен роль атқаруда. Жауынгерлік листокта озат механизаторлардың жұмыс әдістері жазылып, насихатталады. Мұнымен бірге, жұмыстағы кейбір кемшіліктер батыл сынға алынады. Газетке жазылған сын мақалалар бригаданың өндірістік жыйналыстарында талқыланып, онда көрсетілген кемшіліктерді жою жөнінде нақтылы шаралар белгіленеді.

Саяси-бұқаралық және ұйымдастыру жұмыстарының жоғары дәрежеде жүргізілуі өзінің игі нәтижесін беруде. Бригада осы жылдың 10 июліне дейін 15 аттық күші бар әрбір тракторме н 692 гектар жер жұмыстады. Ал, жылдық жоспар бригада бойынша 104 процент орындалып, 4863 килограмм жанар, жағар майлары үнемделді.

Осы бригаданың тракторшысы Смыслов жолдас «С-80» тракторымен тың және тынайған жерлерді көтеруде жұмыс істейді. Ол 15 аттық күші бар трактормен 1381 гектар жер жұмыстап, 1036 килограмм жағар, жанар майларын үнемделді.

Ж. ҚЫЙЛЫБАЕВ.

ҮГІТШІ КОМСОМОЛЕЦТЕР

«Борьба за коммунизм» ауылшаруашылық артелі (Совет ауданы) партия ұйымының үгіт коллективінің құрамында 25 адам бар.

Бұл күндері үгітші комсомолецтер Праслов, Дүйсекенов, Сәрсенбаев және басқалары трактор бригадалары мен мал фермаларында, пішеншілер арасында жиі болып, СОКП Орталық Комитеті июнь Пленумының қаулысы жөнінде дауыстап газет оқып, әңгімелер өткізіп жүр. Мәселен, үгітші Праслов жолдас соңғы бір әңгімесін Игнатенько жолдас басқарған трактор бригадасының механизаторларының социалистік жарыста қабылданған міндеттемелерінің орындалу барысына арнады. Сөйтіп, ол механизаторларды июль айында тың және тыңайған жерлерден егеру жөніндегі жоспарды орындауымен құттықтап, егін жыйнауға ұлғілі әзірленуге шақырды.

С. ХАМЗИН.

—Сонда, қандай міндеттеме алдың?

—Менің өздігінен жүретін шөп машинасының қуатын өнімді пайдалану жөнінде тәжрибем жоқ. Алайда, ол машинаның механизмдерін, онымен жұмыс істеудің жайынан түсінігім бар. Сондықтан бір маусымда кемінде 2500 гектар жердің шөбін шабуға болады гой деп ойлаймын.

—Бұл алатын міндеттемеңіз бе, жас ді. Ал, жұмыс дағдыда машинаның механизмдерін байқап, күтім жасауға күн сайын бір-ақ сағат уақыт жұмсайды.

Қабдолов жолдастың алдағы уақытта да осылай өнімді жұмыс істеп, алған міндеттемесін аброймен орындап шығатындығына күмән жоқ.

А. ТӨКЕНОВ.

Октябрь ауданы.

МӘЖЛІС КӨП, НӘТИЖЕ АЗ

Совет ауданында жемшөп қорын жасау үшін күрес нашар

Быйыл ауданның барлық колхоздарында дерлік шөптің шығымы жақсы. Шабындық жерлердің гектарынан орта есеппен 7-8 центнерден пішен жыйналуда. Жеке колхоздарда шөптің шығымы бұдан да тәуір. Мұның өзі шөп шабу жұмысы тыңғылықты ұйымдастырылса, аудан колхоздарының біржарым жылдық қана емес, тіпті екі жылдық жемшөп қорын әзірлеп алуға зор мүмкіншіліктері бар екенін көрсетеді. Оның үстіне аудандағы машина-трактор станцияларында 30-дан аса өздігінен жүретін, 115 трактормен жұмыс істейтін, ал, колхоздарда 200-ге жуық көлік шөп машиналары бар. Амал не, осыған қарамастан ауданда шөп шабу жұмысы тәзгісіз нашар жүргізілуде.

Колхоздарда шөп шабу басталғанына екі айға жуық уақыт өтті. Әрине, бұл аз мерзім емес. Егер, ұйымдастыру жұмыстары дұрыс жүргізілсе, шөп шабу жоспарын осы мерзім ішінде ең кем дегенде тең жартысынан асыра орындауға болатын еді. Бірақ, бұлай болмай отыр. Қажетті мал азығының әлі күнге дейін үштен бір бөлегі де дайындалған жоқ.

Мұның себебі неде? Оның басты себебі— аудандық партия комитеті мен аудандық атқару комитетінің жемшөп дайындау жұмысына күнделікті іскер басшылық жасап, бар мүмкіншіліктерді пайдалану ісін дұрыс ұйымдастыра алмағанынан болып отыр. Аудан басшылары алғашқы кезде быйыл шөптің шығымы жақсы, сондықтан ауданда қоғамдық малға қажетті пішенді әбігерленбей-ақ жыйнап алуға болады деп, арқаны кеңге салды, колхоздардағы шөп шабу жұмысының барысын бақылап отырмады. МТС-тер мен колхоздардағы шөп машиналарын пішен жыйнауға түгел қатыстыру, жұмыс күнінің әрбір сағатын өнімді пайдалану жолында табанды күрес жүргізіліп отырған жоқ. Аудан басшыларының жемшөп дайындау сыяқты аса маңызды мәселете осылай жауапсыз қарауы шөп шабу жұмысына зиянды әсерін тигізді. Жемшөп дайындау жұмысының өз бетімен жіберілуіне себепші болды.

Айта кету қажет, МТС-тер мен колхоз басшыларының шөп шабудың алғашқы күнінен-ақ жұмысты нашар ұйымдастырып, механизмдерді толық қуатымен пайдаланбай отырғандықтары жөнінде аудандық партия комитеті мен аудандық атқару комитетіне талай дабылдар түсті. Бірақ, аудан басшылары бұл дабылдарға кезінде құлақ аспады. Олар шөп шабу жұмысын нәрменді ұйымдастырудың орнына, жиі-жиі мәжілістер өткізумен әуестенді. Аудандық партия комитетінің бюросында және аудандық Совет атқару комитетінің мәжілісінде колхоз председательдері мен МТС директорларының баяндамалары кезекке қойылып тыңдалатын болды. Ал, мәжілістердің көбеюі салдарынан аудандық ұйымдардың басшылары колхоздардан қол үзді.

Ауданда техникамен жақсы жабдықталған 3 МТС бар. Бірақ, олар өздеріне жүктелген міндеттерді ойдағыдай орындамай жүр. Мәселен, Совет машина-трактор станциясы, (директоры Лымарь жолдас) қамтуындағы «Совет» колхозында 3 мың гектар жердің шөбін шауып, 20 мың центнерден астам пішен дайындауға тиіс болатын. Бұл колхозға МТС өздігінен жүретін 1 шөп машинасын және тракторме н жұмыс істейтін 3 кеңалымды машина жіберген. Осы машиналардың бірде-бірі тапсырманы орындамайды. Станция шөп шабу науқаны басталғаннан бері «Совет» колхозында 3.500 центнердей ғана шөп жыйнады. Мұнда жұмыс графигінің орындалуын ешкім бақыламайды. МТС-тің механиктері пішеншілер бригадасында сирек болады. Бола қойған күннің өзінде де механизаторларға көмектеспейді. Ал, «Борьба за коммунизм» колхозында жұмыс істейтін кеңалымды машиналар күніне 8-10 гектардан артық шөп шауып көрген емес. МТС бойынша шабылуға тиісті 26 мың гектардан астам шабындықтың осы уақытқа дейін шабылғаны тең жарымнан аз-ақ асады.

Колхоздармен жасасқан шарт бойынша Сартомар МТС-і быйыл 12.795 гектар жердің шөбін шабуға тиіс. Бірақ, осыдан 5 мың гектарға жуық жердің пішені әлі шабылмай тұр. Ал, Шағлы МТС-інде де жағдай дәл осындай. Мұнда шөп шабу жоспары 54,2 процент қана орындалды.

Машина-трактор станцияларында шөп шабу жұмысының осынша олқылыққа ұшырауы МТС директорларының бұл жұмыска дайындықсыз кіріскендіктерінен болып отыр. Өйткені, кең алымды машиналар жақсы жөнделген тракторлармен, запас бөлшектермен қамтамасыз етілмеген. Шөп шабуда жүрген кейбір тракторлар жанар майдың деркезінде әкелінбеуінен боска қарап тұрып қалуда. Осындай себептерден МТС-терде 40-тан аса кеңалымды машиналар шөп шабу жұмысына қатыстырылмай келеді.

Шағлы МТС-і басшыларының айтуына қарағанда, «Путь к коммунизму» колхозы жұмысы бір сыдырғы тәуір жүріп жатқан колхоздардың қатарына қосылады. Ал, істің жайына тереңірек үңілсеңіз жағдайдың мүлде бұлай емес екенін бірден-ақ аңғарасыз. Артельде жоспар бойынша 5300 гектар жердің шөбі шабылуы керек. Бірақ, бұл күнге дейін оның 30 проценті ғана орындалды. Шабылған шөп жыйналмай қурап, шашылып жатыр. Колхозшылар арасында еңбек тәртібі нашар. Пішен жыйнауда 130-дан аса адам істеуі керек болса, жұмыска оның небары жарым-жартысы ғана қатысады. Балалы әйелдер, колхоз активтерінің семьялары шөп шабу жұмысына мүлде қатыспайды.

Аудандық партия комитетінің бюро мүшелері де бұл колхозда жиі болады. Бірақ, олар асығыс келіп, атүстінен «нұсқау» беріп, аттанып кете береді. Аудандық партия комитетінің МТС аймағы жөніндегі секретары Бигожин жолдас жөнінде де осыны айтуға болады. Ол жақында колхозға келіп, 15 минуттей ғана болып кетті. Оның бұл сапарынан шөп шабу ісінде ешқандай игі әсер бола қойған жоқ. Осы колхозда 7 коммунист, 18 комсомолец бар. Олардың көпшілігі колхоз өндірісінің кегізгі саласында істемейді. Бастауыш партия ұйымының секретары Добренко жолдас колхозда саяси- бұқаралық жұмысты босаңсытып жіберген. Үгітшілер колхозшылар арасында әңгіме өткізбейді. Сондай-ақ қабырға газеті мен жауынгерлік листоктар шығарылмайды.

Колхоздарда шабылған шөпті маялау, мал базаларына тасу ісі де тәзгісіз нашар. Шабындықтарда 7 мың гектардан астам жердің шөбі жыйналмай жатыр. Ал, аудан бойынша дайындалған мал азығының 75 процентке жуығы мал қораларына әлі тасылып алынған жоқ.

Совет ауданында жемшөп сүрлеуге айтарлықтай мән берілмей-ақ келеді. Осы күнге дейін аудан бойынша шөп сүрлеу жоспарының 1,5 процент қана орындалғандығы мұны айқын көрсетеді. Колхоздарда шөп сүрлеу жұмысы негізінен механизм күшімен атқарылмақшы. Бірақ, МТС терде шөп сүрлеуге керекті машиналар әлі күнге дейін тәртіпке келтірілмеген.

СОКП Орталық Комитеті июнь Пленумының қаулысында жемшөп дайындау мәселесіне ерекше көңіл бөлінді. Бірақ, Совет ауданының басшылары бұдан әлі тиісті қорытынды шығарған жоқ.

Аудандық партия комитеті (секретары Бәшіров жолдас) мен аудандық Совет атқару комитеті (председателі Живулина жолдас) аудан колхоздарының жемшөп қорын әзірлеу ісінде мейлінше артта қалып отырғанына тәзумен келеді.

Шөп шабу—маусымды жұмыс. Жемшөп дайындаудың мерзімі өтіп те барады. Олай болса, ауданның партия, совет ұйымдары және МТС басшылары өздерінің шөп шабуға басшылығын жақсартып, әрбір колхозда жемшөп дайындау жоспарының қысқа мерзімде, толық орындалуын қамтамасыз етуге міндетті.

Б. АХМЕТОВ.

Совет ауданы.

Қала мектептері ер және қыз балаларды бірге оқытуға әзірленуде

Ер балалар мен қыз балаларды бөліп оқыту алғаш рет 1943-1944 оқу жылында РСФСР мектептерінде, одан бір жыл кейін біздің республиканың мектептерінде жүзеге асырылған болатын. Бірақ, бұл әдіс республика мектептерінің тек аз бөлігінде ғана қолданылған еді. Ал, Петропавл қаласындағы жалпыға бірдей білім беретін 21 мектептің тек жетеуінде ғана ер балалар мен қыз балалар бөлек оқытылатын.

Ер және қыз балаларды бөліп оқытудың 10 жыл бойғы нәтижесі мектепте оқу- тәрбие жұмыстарын жақсартуда бұл әдістің ойдағыдай нәтиже бермейтіндігін көрсетті. Әсресе, ер балалар мектептерінде оқушылар тәртібінің төмен дәрежеде болуына бөлек оқытудың едәуір әсері болды. Тәжрибе ер және қыз балаларды бөлек оқытудың қажет еместігін, қайта олар бірге оқыған жерде оқу сапасының жақсы, оқушылар тәртібінің жоғары болатындығын көрсетті.

Ер және қыз балаларды бірге оқыту мәселесі партияның XIX съезінің бесінші бесжылдық жоспары туралы директиваларында атап көрсетілген, мектептерде политехникалық оқуды жүзеге асыру міндеттерін орындауға байланысты қайтадан көтерілді. Өйткені, практикалық жұмыстарда ер және қыз балалардың бірге еңбек етуі олардың болашақта өз еңбектерінің жемісті болуының кепілі болып табылатындығы тәжрибемен дәлелденген-ді. Сондықтан да мектептің оқытушылар коллективтері және ата- аналар ер және қыз балаларды бірге оқыту жөнінде өз пікірлерін ортаға салып, бұл міндетті жүзеге асыруды талап етті.

Оқушылардың ата- аналарының және оқытушылардың тілектері мен пікірлерін ескеріп, ССР Одағының Министрлер Советі 1954 -1955 оқу жылында Москваның, Ленинградтың және еліміздің басқа қалаларындағы мектептерде ер балалар мен қыз балаларды бірге оқыту жөнінде арнайы қаулы алды. Бұл қаулы Коммунистік партия мен Совет Үкметінің жас ұрпақтарды тәрбиелеу және оқыту ісіне күнбе- күн жасап отырған әкелік қамқорлығының тағы бір айғағы болып табылады.

Ер және қыз балаларды бірге оқытудың артықшылығы қандай? Ең алдымен, мектептерде политехникалық оқуды жүзеге асыруда және оқушыларды практикалық қызметке дайындауда ер және қыз балалардың атқаратын міндеттері бірдей. Бұл жағдайда олар бірігіп еңбек ететін болса, онда олардың еңбегі әлде қайда творчестволық сыйпат алатындығы күнделікті тәжрибеден көрініп отыр. Бұған мысал ретінде қаладағы Ленин атындағы № 1 қыз балалар орта мектебін алуға болады. Бұл мектептің оқушы қыздары физика пәні оқытушысының басқаруымен көптеген көрнекі құралдар жасады. Бірақ, олардың творчестволық жұмыстарының көлемі қаланың басқа ер және қыз балалары бірге оқийтын мектептерде жасалған жұмыстардың творчестволық көлемінен әлде қайда кем болды. Сонымен бірге, ер және қыз балаларды бірге оқыту оқушылар коллективі өмірінің жанды және қызғылықты болуына мүмкіншілік береді. Олардың өмірге деген көзқарастары жеке оқыған күндердегіден әлде қайда кең болады.

Сонымен қатар, ер және қыз балаларды біріктіріп оқыту оқушылардың арасындағы достық, жолдастық қарым- қатнастардың қарапайым түрде қалыптасуына мүмкіншілік береді.

Сонымен бірге, бөлек оқыту жалпыға бірдей білім алуды, мектеп сетьтерін жоспарлауды және мектепті оқушылармен қамтамасыз етуді ауырлатады.

ССР Одағы Министрлер Советінің ер және қыз балаларды бірге оқыту туралы қаулысын жүзеге асыру жолында қала мектептерінің педагогикалық коллективтері көзіргі уақытта қажырлылықпен еңбек етуде. Олар қаулы шыққан бірінші күннен бастан қаланы микроаудандарға бөлу, қластарды ұйымдастыру сыяқты алғашқы дайындық жұмыстарын жүргізе бастады. Кластарды ұйымдастыруда әрбір класта ер және қыз балалар санының бірдей болуы қарастырылды, сол сыяқты, таяудағы күндердің ішінде, оқушылар ата- аналарының жиналыстары өткізіліп, онда ер және қыз балаларды бірге оқытуға байланысты мәселелер талқыланбақ.

Қала мектептерінің коллективтері ер және қыз балаларды бірге оқытуға дайындық жұмыстарын август айының алғашқы жартысында бітіруді жоспарлап отыр. Сонымен бірге, әрбір оқушының микроаудандар бойынша қай мектепте оқыйтындықтарының тізімдері жасалып, ол әрбір оқушыға хабарландырылады. Кәзірдің өзінде қаладағы бұрын ер балалар оқыйтын мектептерде мектеп үйлерін жөндеу жұмысы аяқталып, класс бөлмелерінің таза және көркті болулары қарастырылған.

Ер және қыз балаларды бірге оқытуға дайындық мектеп директорлары мен оқытушылар коллективтерінен бұл маңызды шараны іске асыруда әлі де болса көптеген жұмыстарды жүзеге асыруды талап етеді. Әсресе, кәзіргі уақыттағы басты жұмыстардың бірі — мектептің жаңа коллективін қалыптастыру болып отыр.

Әрине, ер және қыз балаларды бірге оқытуда алғашқы кезде мектептердің бұдан бұрынғы кейбір дәстүрлері бұзылады. Мектептерге түрлі мінезді және түрлі әдетті оқушылар келеді. Оқуға ынғайлы, үлгілі тәртібі бар оқушылар коллективін қалыптастыру —мектеп басшыларының, оқытушылардың және мектеп комсомол ұйымының ең басты міндеттерінің бірі.

Оқу жылының алғашқы күндерінде оқу-тәрбие жұмыстарында көптеген қиыншылықтар кездесуі мүмкін. Бұл қиыншылықтарды оқу жылы басталғанға дейін оқу- тәрбие жұмыстарының ойластырылған жоспарын жасап, кездесетін әрбір қиыншылықты жою жолдарын белгілегенде ғана жеңе алуға болады. Әсресе, жасөспірімдер оқыйтын төменгі класс жетекшілерінің көп жұмыстар істеуіне тура келеді. Олар әрбір оқушының оқуға ынталылығын, мінез ерекшеліктерін және тұрмыс жағдайын толық білулері керек.

Ер және қыз балаларды бірге оқытудың алғашқы кезеңіндегі қиыншылықтарын жоюда мектептегі пионер ұйымы мен жоғарғы кластардың комсомолдықтері зор жұмыстар атқаруға тиіс. Олар өздерінің сабақты жақсы үлгеруімен, саналы тәртібімен және төменгі класс оқушылары арасында тәртіп жұмысын жақсартуға қамқорлық жасауымен мектептің оқытушылар коллективіне көмектесуге тиіс.

Бұл маңызды шараны жүзеге асыруда оқытушылардың ата- аналары да зор жұмыстар атқарады. Олар өз балаларының сабақты қалай үлгеріп жүргендігіне күн сайын көңіл аударып, мектеп өмірімен жете танысуға, мектеп коллективінің мүддесін мүмкіндігінше орындауға тиіс.

Ер және қыз балаларды бірге оқыту мектептерде оқу- тәрбие жұмысын жақсартып, оқушылар арасында саналы тәртіптің болуына мүмкіншілік береді. Бұл үшін мектептің оқытушылар коллективі комсомол және пионер ұйымдарымен, сол сыяқты, оқушылардың туысқандарымен бірігіп жұмыс істеулері керек.

З. ДЕГТЯРЕНКО,

Қалалық оқу бөлімінің меңгерушісі.

Медицина қызметкерлері тың көтерілетін жерлерде

СОКП Орталық Комитетінің сентябрь, февраль- март және июнь Пленумдары елімізде ауыл шаруашылығын өркендетудің негізгі программасын жасап берді. Сол сыяқты, елімізде астықты тың және тыңайған жерлерді игеру есебінен молайтуды бұл күндердегі басты міндеттердің

Тек үстіміздегі жылы жаңадан 16 аурухана ашылды. Бұл ауруханалардың 11-і жаңа ұйымдастырылған астық совхоздарында. Ал, 4 аурухана МТС- терде ашылып, жұмыс істей бастады.

Облыс орталығынан қашық жерде ұйымдастырылған ауруханалардың көпшілігі жаңа ұйымдастырылған астық

ететін дәрігер В. Дедов (Октябрь ауданы), дәрігер В. Озорнел (Тимирязев атындағы жаңа ұйымдастырылған астық совхозы), дәрігер А. Курочкина (Маленков атындағы жаңа ұйымдастырылған совхоз) бұлар еңбекшілер арасында жүргізген медициналық еңбектерінің арқасында өздерінің институт қабырғасында алған теориялық бі-

ЕГІН ЖЫЙНАУҒА БАРЛЫҚ ЖАҒЫНАН ҮЛГІЛІ ӘЗІРЛЕНЕЙІК

★ ★ ★



СУРЕТТЕ: Совет ауданындағы Сартомар МТС-нің комбайншысы **А. Заяц** жолдастың «Красное поле» колхозында сүрленетін сұлыны шауып жүрген кезі.

Суретті түсірген **А. Розенштейн.**

Комбайн паркі жұмысқа әзір емес

Полудень МТС-нің қамтуындағы колхоздарда дәнді дақылдар егісінің көлемі быйыл өткен жылдағыдан 4500 гектар ұлғайтылды. Кәзір барлық колхоздарда егін жақсы өсіп, пісіп келеді. Быйыл бұларда дәнді дақылдардың гектарынан орта есеппен 100 пұттан өнім жыйнауға болады. Колхоздар 1 августан бастап бидайық пен күздік қара бидайды оруға кірісетін болады.

Егін жыйнау, астық дайындау—ұқыпты әзірлікті керек ететін ең маусымды жұмыс. Бұған әсресе, комбайн агрегаттарын барынша сапалы әзірлеу керек. Өйткені, комбайн егін жыйнаудағы негізгі машина.

Дегенмен МТС басшылары комбайн паркін егін жыйнауға әзірлеу жұмысын нашар ұйымдастырып отыр. Осының салдарынан комбайндарды жөндеу жұмысы тәзгісіз ұзаққа созылуда. МТС-те 16 комбайн күні бүгінге дейін жөнделместен тұр. Егін жыйнау, астық дайындау ісінің басталуына санаулы ғана күндер қалғанына қарамастан, МТС басшылары (директоры Лосев, бас инженері Бобровицкий жолдастар) комбайн паркін жұмысқа толық дайындауды ұйымдастыруға асығатын көрінбейді. Олар комбайн жөндеу жұмысын тез аяқтау жөнінде аудан басшыларына бірнеше рет уәде берген болатын. Бірақ, Лосев, Бобровицкий жолдастардың бұл уәделері сөз жүзінде ғана

дардың әрқайсысынан 15-20 ақау табылды.

Мәселен, № 14 «Сталинец-1» комбайнының хедері мүлдем жөнделмеген. № 44 «Сталинец-6» комбайнында хедердің үш ынжығының бірде-біреуі жақ, моторы дұрыс тартылып болтпен бекітілмеген. Май жүретін түтіктер сапасыз жөнделген. № 27 «Сталинец-6» комбайнына жарылып сынған, жұмысқа жарамсыз жұлдызша қойылған. № 66 «Сталинец-6» комбайнының айдауышы қысқа, мұның өзі егін жыйнау кезінде шалғының дұрыс жұмыс істеуіне бөгет жасайды, тіпті, шалғыны сындыру хаупін туғырады. Мотовилоны айналдыратын шынжыр іске жарамсыз. Бұл комбайндардың әр қайсысынан осы айтылғандардан басқа да 13-15-тен ақаулар табылды. Ал, № 69 және 39 «Сталинец-6» комбайндарының әрқайсысынан 18 ақаудан, № 54 «С-4» комбайнынан 15 елеулі ақау байқалды.

Сонымен бірге, 21 комбайнда сабан шөмелегіш атымен жоқ. Бұл жағдайды МТС басшылары: «Сабан шөмелелегішті колхоз басшылары әзірлеуге міндетті. Сондықтан біз бұған көңіл аудармай келеміз» деп дәлелдемек болады. Ал, соның өзінде МТС қамтуындағы колхоздардың бірде-бірінде комбайнға тіркейтін сабан шөмелелегіш дайындалмағаны Лосев жолдас жақсы біледі.

Авторота жаңа астықты тасу қарсаңында

Бұл күндері Петропавл автомобиль ротасы қызу еңбек үстінде. Олар алғашқы жартыжылдықта жүк тасу жоспарын тонна есебімен алғанда 133 процент етіп орындады.

Кәзір авторотаның 85—90 машинасы күн сайын жүк тасуда. Олардың көпшілігі жаңа совхоздарды, әсресе, Москворецк, Хрущев атындағы және басқа совхоздарға құрылыс материалдарын тасып жүр.

1954 жылғы егін жыйнау жұмыстарына авторота қызу әзірленуде. Машиналар күрделі, орта және жабайы жөндеуден өткізілуде.

«ГАЗ—51» маркалы машинаның шофері М. Хлобыстов өзінің жаржытылдық жоспарын тонна- километр есебімен 187 процент етіп орындады. Осы маркалы машинаның шофері И. Балалов та жартыжылдық тапсырмасын тонна- километр есебімен 181 процент орындады. Сондай-ақ «ЗИС-150» маркалы машинаның шоферлары Г. Дмитриев, Н. Ковалев, А. Нестеренко, А. Кривоногов жолдастар да сменалық, айлық тапсырмаларын үнемі асыра орындауда.

Авторотада еңбек озаттары да көп. Электр қуатымен болат балқытушы Е. Гуржеев осы жылдың екінші тоқсанының тапсырмасын 214 процент, балташы

Осы зор міндеттерді әдіпмен орындау үшін туысқан партиямыз бен үкметіміздің шақыруы бойынша облысымызға тың және тыңайған жерлерді игеруге көмектесуге еліміздің ірі қалалары мен аудандарынан жүздеген комсомолцтер мен одақта жоқ патриоттар келді. Олар кәзір облысымыздың аудандарында, колхоздары мен совхоздарында және МТС-терінде қызу еңбекке қатысуда.

Міне, осы патриоттардың келуіне байланысты облысымыздағы медицина қызметкерлерінің міндеттері, олардың өз мамандықтарына жауапкершілігі және оларға қойылатын талаптар әлде қайда артып отыр.

Партия мен үкметіміз жыл сайын миллиондаған сом қаржыны совет халқының денсаулығын сақтау ісіне бөліп отырады. Сол қаржыдан біздің облысымызда да жыл сайын мыңдаған сом жұмсалады. Облысымызда еңбекшілердің денсаулығын жақсарта беруге, олардың өмірін сақтауға соңғы жылдардың өзінде жүздеген мың сом қаржы жұмсалды.

совхоздарында. Бұл ауруханалар да жақсы үйлерге орналастырылып, еңбекшілерге дәрігерлік көмек, профилактикалық емдеу жұмыстары жүргізіле бастады. Жаңадан ашылған ауруханалар дәрі- дәрмек, қажетті медицина құралдарымен қамтамасыз етілді.

Жаңадан ашылған ауруханаларда түпкілікті қызмет істейтін орта дәрежелі медициналық білімі бар кадрлар да толық іріктелін жіберілді. Сол сыяқты, жоғары білімі бар дәрігерлер де өздерінің тілектері бойынша тың және тыңайған жерлерді игеріп жатқан патриоттарға дәрігерлік көмек көрсетуге барды.

Быйылғы жылы облысымыздың тың және тыңайған жер көтерген колхоз, совхоз, МТС- теріне Свердлов медициналық институтын бітірген жас дәрігерлердің бір тобы келген болатын. Ол дәрігерлер өздерінің институтта алған білімдерін практикада да жақсы қолдана біліп, еңбекшілер арасында зор абройға ие болуда. Жаңа ұйымдастырылған астық совхоздарындағы ашылған ауруханаларда еңбек

тарын көрсетті.

Облыстың денсаулық сақтау орындарында да жаңа ұйымдастырылған астық совхоздарындағы ауруханаларға тиісті көмек көрсетіліп отыр. Тек соңғы айлардың өзінде облыс орталығынан санитарлық самолетпен 68 рет тәжрибесі мол көп жылдар бойы медицинада еңбек етіп келе жатқан дәрігерлер тың жер көтеріп жатқан патриоттардың арасында болып, оларға дәрігерлік кеңес, консультация және басқадай көмектер көрсетіп қайтты.

Облысымыздың денсаулық сақтау орындары, медицина қызметкерлері партиямыз бен үкметіміздің алға қойған міндеттерін абройлы орындау үшін барлық күш- мүмкіншілікті толық пайдаланып, тың және тыңайған жерлерді игеруге келген патриоттардың арасындағы медициналық жұмысты бұрынғыдан да жақсарта беруде.

Т. ИСАЕВА,
Облыстық денсаулық сақтау бөлімі меңгерушісінің орынбасары.

МТС басшыларының комбайн агрегатарын жұмысқа әзірлеуге нашар басшылық етулері себепті мұнда көптеген комбайндар сапасыз, қалай болса солай жөнделген. Жақында Ново-Георгиев МТС-і коллективінің арнаулы комиссиясы өздерімен жарысқа түскен осы Полудень МТС-нің комбайн паркін егін жыйнауға әзірлеуінің жайын тексерді. Тексеру нәтижесінде жөндеуден өткізілді деген комбайндың 50 проценті электр жарығымен жабдықталмаған.

Егін жыйнауға комбайн паркін әзірлеуді мұншама бетімен жіберушілікке төзуге болмайды. Өйткені, мұндай жауапсыздық бітік өскен егінді тез және ысырапсыз жыйнап алу ісіне өзінің зиянын тигізеді.

Б. ЖАҚЫПОВ.
(Өз тілшіміз).

БИДАЙЫҚ ШАБУ

Совет ауданы, Ленин атындағы колхозда жұмыс істейтін Совет МТС-нің комбайншысы А. Ульянов жолдас кеше бидайық шабуға ауданда бірінші болып кірісті. Ол алғашқы толық емес жұмыс күні ішінде «Сталинец—6» комбайнымен 6 гектар бидайық шапты.

Бүгін бидайықты шабуға «Красное поле» колхозында жұмыс істейтін Сартомар МТС-нің комбайншысы П. Ильяшенко жолдас та кірісті. Сол сыяқты, Киров атындағы астық совхозының барлық бөлімшелерінде бидайық шабу басталды.

Колхоздар мен совхоздарда шабыла бастаған бидайық егістерінен тұқымдық дән өткен жылғыға қарағанда анағұрлым мол алынуда. Комбайншылар алғашқы күннен бастап еңбек өнімділігін арттыру жөніндегі шараларды мүлтіксіз жүзеге асыру жолында жанаямай күресуде.

С. ТЕМІРБАЕВ.

Қ. БАТПЕНОВ.

15 МЫҢ ЦЕНТНЕР АСТЫҚ БАСТЫРАМЫН

СОКП Орталық Комитеті июнь Пленумының қаулысы егінді жыйнауға әзірлік және оны өткізудің басты шараларын көрсетіп берді. Бұл шаралардың мүлтіксіз, жүзеге асыру ауыл шаруашылығында жаңа табыстарға жете беруімізді қамтамасыз етеді.

Егін жыйнауды мерзімінен бұрын және жоғары сапада өткізу комбайнды жұмысқа мұқият әзірлеуді талап етеді. Тек жоғары сапалы жөнделген комбайнмен ғана өнімді еңбек етуге болатындығы мәлім. Мұны мен көп жылғы тәжрибелерімнен айқын көріп келемін.

Өткен жылы мен «Сталинец—6» қос комбайнымен Ленин ауданындағы «Земледелец» ауылшаруашылық артелінде 1511 гектар егін орып, 14460 центнер астық бастырдым.

Быйыл тағы да осы колхозда жұмыс істеймін. Өз күш-мүмкіншілігімді есепке ала отырып, «Сталинец—6» комбайнымен 1600 гектар егін жыйнап, 15 мың центнер астық бастыруға міндеттеніп, социалистік жарысқа комбайншы Заяц жолдасты шақырдым. Берген сертті абройлы орындауға күш -мүмкіншілік жеткілікті. Мәселе егін жыйнауда техниканы неғұрлым өнімді пайдалануда. Осы мақсатты көздеп, комбайнға күн сайын техникалық күтім жасау, жұмыс уақытын үнемді пайдалану, сөйтіп, еңбек өнімділігін есеппен арттыру жөнінде шаралар белгіледік.

Агрегаттың тоқтаусыз жұмыс істеуі агрегат мүшелерінің еңбегін дұрыс ұйымдастыруға байланысты екені сөзсіз. Сондықтан біз агрегаттың маусымдық жұмыс жоспарын жасадық.

Е. БАРАННИК,
Куйбышев атындағы МТС-тің комбайншысы.

„Ленин туының“ дабылынан

кейін

«САЛАҚТЫҚ ПА, САЛҚЫН ҚАРАУШЫЛЫҚ ПА?»

«Ленин туы» газетінің 29 июньдегі номеріңде осы тақырыппен жарияланған мақалада Совет ауданындағы «Еркіндік» колхозы басшыларының мәдениет мәселесімен жете шұғылданбай келгендігі, оқу үйінің меңгерушісі Ақпанбаев жолдастың оқу үйінің жұмысын тыңғылықты жүргізбей отырғандығы айтылған еді.

Совет аудандық Совет атқомі редакциясына, газет дабылы бойынша тексеріс жүргізгенде онда көрсетілген фактілер толық анықталды, мақала Көктерек ауылдық Советінің сессиясында талқыланып, оқу үйінің меңгерушісі Ақпанбаев қызметінен босатылды деп хабарлады.

Кәзір колхозда оқу үйіне арнап жаңа үй салу жұмысы қолға алынған.

ҮЛГІЛІ ШОПАН

—Шіркін, осы совхоздың бар қойы бір төбе де, Бірекең бағатын үшінші ферманың қойы бір төбе-ау осы,—деп жол бойы тұйықтау келе жатқан Бораш кенеттен сөйлеп кетті. Өнішейінде аз сөзді Бораштың серпіле сөйлегенін бірінші көруім еді. Мұның елігін келе жатқаны немене деп басымды көтеріп алдыма қарасам, тап арбаға таяу жерде көкмайсаны [illegible]т-бырт үзіп, қаптай жайылып келе [illegible]ған көп қой екен. Көп қойдың соңында қаракөк атқа мінген орта бойлы, толық, қызыл шырайлылау келген қойшы келеді. Нығыз денесіне біткен қырлы мұрыны өзіне сай болғанмен мұрын астындағы кішкентай мұрт тіпті де шақ емес тәрізді.

Ақырын жүріп қойшының шетіне шыққан жаңағы қойшы қаракөкті бір тебініп, арбаға келді де амандық сұрасты:

—Ә, балалар ат көлік аман ба, дендеріңді сау ма, үй-іштерің есен бе?

—Бәрі тегіс аман, өзіңіз де сау-сәләмәт жүріп жатырсыз, —деп біз де жамырай сәлемдесіп алдық.

Атты тоқтата сала, арбадан қарғып түскен Серік көп қойдың ішіне қарай жүгіре басып жөнелді. Қойшымен қолдасып амандасқан да жоқ. Оның семіз денесін жеп-жеңіл көтеріп жүгіре жөнелгеніне күлімсірей қаран тұрған Бораш:

—Апырай, совхоздың мына бас зоотехнигі қойларын сағынып қалған-ау шамасы, —деп қойды. Амандықтан кейін Бораш маған қойшыны таныстыра бастады.

— Бұл кісі бағанағы біз Бірекең деп келе жатқан адам—Қасенов Бірімжан. Осы Приешім совхозының үшінші фермасының аға шопаны,—деді. Мен де атыжөнімді айтып, өзімді таныстырдым. Арбаның алқымынан бір бұда газет-журналды алып шығып, бір белгіп қойшыға ұстата бергенде Бораштың үгітші екендігі есіме түсті. Сөзді амандықтан бастаған Бораш жай ғана кеңесе отырып, малдың кәзіргі жайылымын, су ішетін жерін, фермадағы шабылған шөптің мөлшерін сұрап алды. Сұйте-сұйте сөз аяғы газеттегі жаңалықтарға көшіп кетті. Ақырын ғана кеңесін отырған екі кісінің бірін—қойшы, бірін—үгітші дерлік емес. Кезек сұрасып, кезек жауап беріп отырған бұлардың әңгімесі ішінде Москвадағы Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесіне дайындықтың барысы да, сыртқы істер министрлерінің Женевадағы кеңесі де, Чжоу Энь-лайдың Азия елдерін аралауы да, жақында өткен облыстық партия комитетінің пленумы да бар еді.

Сөз әлпетіне қарағанда «мен сені үгіттей келдім» деп, кітап тілімен тақпақтан отырған немесе, «менің міндетім осы ғана» деп, бір газетті жайып салып, бастан аяқ оқып отырған жалаң үгітші мен Бораштың салыстыруға да келер емес. Сөзі мен ісінде ешбір жасандылық жоқ бұл екі адам арба жанында қаптай жайылған қойға қарай отырып, ақырын кеңеспен-ақ біраз нәрсенің мәнін ұғысып алды. Осы кезде қой арасынан шыққан Серік анадай дан аптыға сөйлеп:

—Біреке, анау ала қойдың бүйіріне не қылған, өзіне құрт түсетін емес пе, әлгі ветеринария Валитов бұл қойды көрмейді ғой шамасы,—деп, асығып-аптығып бар, ойын бір-ақ ақтарды.

—Е, неге, көрмесін, көреді. Ол қойдың жарасы аса үлкен нәрсе емес қой. Кеше ғана дәрілеп жіберген, — деп, Бірімжан қойшы байсалды ғана жауап берді. Ақырын жауапқа аптығы басыла қоймаған Серік енді тікелей өз міндетіне көшіп:

—Сіздер осы алдағы уақыттың мал жаю жоспарын жасадыңдар ма? Әлгі Манафовтың мені көрмегеніне бір жетіңдер асты, ешбір хабарласпай қойды,—деді. Оның Манафов деп отырғаны № 3 ферманың зоотехнигі екенін мен кейін білдім. Алайда, Бірімжан бұл жерде өзінің байсалдылығын жойған жоқ.

—Жоспар жасалған. Қағаз жағымен мен аса таныс емеспін ғой, Болса сол Иван Денисовичтің кеңесінде шығар. Әйтеуір, бәріміз отырып ақылдасуымыз анық. Мына кәзір қойды шабуға келмейтін кішкентай жерлерге жол жиегіне, ағаш арасына шығарып жүрміз. Жаздың күні жердің бәрі от қой. Жақында анау Көбешпен арамыздағы жазықтың шөбі жыйналған соң, соның орнына жаямыз. Күзге қарай орман бидайдың орнына да жаямыз. Жоспарда осының барлығы айтылған шығар, деді.

Совхоз жерінің ой-шұқырына дейін задында сақтап, шаруашылық есепке қосып отырған бұл қарапайым ғана қойшы неге екенін білмеймін, маған бір алып тұлғалы батыр тәрізді көрінді. Аптыға сөйлеген Серіктің де бар ашуы тарқап, енді манағы ашық жарқын қалпына тез келе қалды.

—О, біздің Бірекең алдағы жылы 100 саулықтан 125 қозы алмакшы, әлі бұл кісі Еңбек Ері де болады. Солай емес пе Біреке, ә,—деп ол көңілдене сөйледі.

—Бағанадан бері бір қойдың бүйірін көріп, осыншама тұлан, бүйірінді қыздырып едің, енді жөнделіп қалыпсың ғой Серік,—деп Бораш оны қағытып қойды.

Осы кеңеспен біраз отырдық та, біз Бірімжанның «біздің жаққа бара берініздерін» естіп, № 3 фермаға жүріп кеттік. Бір үлгімен слынған ферма үйлерін жағлай келе қаракер ат бағанағы Бірімжан атаған ферманың кеңесіне келіп тоқтады. Біз кіргенде шағын кеңседе ферма бастығы Поповтан басқа екі адам—совхоз директоры Андрей Васильевич Донченко мен осы совхоздың бас мал дәрігері Николай Михайлович Горелотов отыр екен.

—Ойпырай-ай бүгін бастық біткеннің бәрі біздің фермаға жыйналды-ау,—деп ферма меңгерушісі Попов бізді әзілдей қарсы алды. Бұлармен амандасып болғаннан кейін алдарындағы қағаздарымен, кеңесін отырған шаруа жағдайларымен таныстық. Әңгіме жақында болатын ауыл шаруашылық көрмесіне кандидаттар дайындау жөнінде екен. Осы мақсатпен совхоз директоры Донченко бүгін барлық фермаларды аралап шыққан. Кәзіргі әңгімелеріне қарағанда Москваға баратындардың бірі бағанағы бізге кездескен Қасенов Бірімжан болып отыр. Стол үстіндегі қағаздардың бетінде ол кісінің еңбегі мен өмір баянына байланысты мәліметтер жатыр екен. Соны қолымызға алып қарағанда менің көргенім мынау болды:

«Қасенов Бірімжан—1902 жылы туған. 1933 жылы осы совхозға келіп сыйыр фермасына жұмысқа орналасқан. 1941 жылы Ұлы Отан соғысына кеткен. Одан 1947 жылы оралып, кәзіргі № 3 фермаға аға шопан болған. Төл алуда соңғы үш жыл ішіндегі жетістіктері мынылар:

1952 жылы 100 саулықтан 80 қозы;
1953 жылы 100 -»- 86 қозы;
1954 жылы 100 -»- 102 қозы;

Өткен жылы әрбір саулық қойдан орта есеппен 2 килограмм 900 грамм жүн алса, быйылғы жылы әр саулықтан 3 кирамм 300 грамнан жүн алған. Осы уақытқа дейін баққан малынан шығын жоқ. Малдарының жүтімі жақсы.1952-53жылдары мал қыстатудағы қажырлы еңбегі үшін совхоздың құрмет тақтасына жазылып, қосымша ақы, сыйлық алған. Өз білімін үзбей көтеріп отырады. Өткен жылы біржылдық зоотехниктер даярлайтын курсті бітірген тағы басқалар...».

Қалың папкедегі көп қағаздың бетінде жатқан бір кісінің бүкіл еңбегін баяндайтын кеңес тілімен жазылған сарап мәліметтер осылар еді. Әйтеуір, бағанағы жолда танысып Бірімжан қойшы туралы алған әсерім мұны көргеннен кейін айырықша күшейе түсті. Алған әсерімді ішімде көп сақтай алмай совхоз директоры Донченкоға қарап:

—Бұл кісі 20 жылдан артық бір совхозда істеп, мал басын аман сақтап жүрсе нағыз ердің өзі екен ғой. Мұндай малшы басқа совхоздарда бар ма екен, —дедім.

—Е, неге болмасын Бірекеңдей малшыларымыз басқаны былай қойғанда өзіміздің совхоздың фермаларынан-ақ табылады, деп, жауап берді. Совхоз басшылары көрмеге Бірімжанды жіберуге келісіп, орындарынан тұра бастағанда Иван Денисович аздап қысылып:

—Біраз уақыт отырып қалған екенбіз ғой. Бізде асхана да жоқ .Елде, біздің үйге барсақ па екен?—деді Біз ашып ештеңе дей қойман едік, бірақ Донченко:

—Жоқ, біз сірә қазақша шай ішетін Бірекең үйіне барғанымыз дұрыс болар,—деп, бастап жүріп кетті. Совхоздың стандартты үйіне орналасқан бұл үйдің іші сыпайы ғана, таза жыйналыпты. Үй ішін де орынсыз тұрған бір де зат жоқ. Шай үстінде мен Бірімжанның ұлы Аманжол мен қызы Күлшәтті көріп таныстым. Бұл екеуі жас та болса кәзір әкесінің жолын қуып, осы фермаңың белді адамдары болған. Аманжол—әкесінің жәрдемшісі, ал, Күлшәт—төлші және күндізгі малды қарайды екен.

* * *

Екінші рет мен Бірімжанмен қалада, вокзал басында кездестім.

—Жүріп барамын,—деді ол, «қайда бара жатқанымды білерсің» дегендей кейіппен.

—Қайырлы сапар болсын.

—Нағыз озаттардың іс тәжрибесімен танысамын, Москваны көремін. Қандай зор қуаныш,—дейді ол,—Еңбегің бағаланса оның өнімі де артпақ, көрерсің, бұл сапардың маған қандай пайда берерін.

Көп кешіктей поезд орнынан қозғалып, астанаға қарай жүріп кетті. Озат шопанның бағаланған еңбегінің жемісі болып табылатын Бірімжаның Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесіне жүру сапарын біз бірауыздан:

—Қайырлы сапар!—деп атадық.

Е. ЖҰБАНОВ,
Преснов ауданы, Приешім совхозы.

ҚЫТАЙ ХАЛЫҚ РЕСПУБЛИКАСЫ ДЕЛЕГАЦИЯСЫНЫҢ БҮКІЛОДАҚТЫҚ АУЫЛШАРУАШЫЛЫҚ КӨРМЕСІНЕ ЖҮРІП КЕТУІ

ПЕКИН, 28 июль. (СОТА). Синьхуа агенттігінің хабарына қарағанда, ССРО Ауыл шаруашылығы Министрлігінің шақыруы бойынша кеше Москваға Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесінің ашылуына жалпы саны 41 адамнан, құрамында 14 адам бар Қытай делегаттарының алғашқы тобы самолетпен ұшып шықты. Делегацияны ҚХР-дің Ауыл шаруашылығы министрі Ли Шу -чэн басқарады.

РУМЫН ХАЛЫҚ РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК СЫЙЛЫҚТАРЫН БЕРУ

БУХАРЕСТ, 28 июль. (СОТА). Жуықта Румын Халық Республикасының Министрлер Советі 1952 жылы орындалған ғылым, техника, әдебиет және искусство саласындағы ерекше бағалы еңбектер үшін мемлекеттік сыйлықтар беру туралы қаулы қабылдады. Министрлер Советінің қаулысы бойынша Румын Халық Республикасының барлығы 98 мемлекеттік сыйлықтары берілді.

ГДР-да САЙЛАУ АЛДЫНДАҒЫ НАУҚАННЫҢ БАСТАЛУЫ

БЕРЛИН, 28 июль. (СОТА). Бүгін Герман Демократиялық Республикасындағы ГДР-дің Халық палатасында осы жылғы 17 октябрьде болатын сайлауға байланысты сайлау алдындағы науқан басталды.

Халық палатасының көптеген депутаттары бүгін өздерінің сайлаушылары алдында есепті баяндама жасады.

ВЕНГРИЯДАҒЫ СУ ТАСҚЫНЫ ЖАЙЫНДА

БУДАПЕШТ, 28 июль. (СОТА). Газеттердің хабарына қарағанда, Дунайдың Венгриядан өтетін участогіндегі суының биіктігі онан әрі төмендеуде. Мохач қаласының (Оңтүстік Венгрия) жанында кеше судың биіктігі 14 сантиметр төмендеді Дунайда кеме қатынасы қайта басталды.

Үкімет су тасқынынан зиян шеккен адамдарға көмек көрсету үшін көп қаржы бөлді. Бұдан басқа, бүкіл елде зиян шеккендерге көмектесу қорына ақша, азық-түлік және киім- кешек жыйналуда.

ИНДО -ҚЫТАЙДА ОРТАЛЫҚ АРАЛАС КОМИССИЯНЫҢ ҚҰРЫЛУЫ

ШАНХАЙ, 28 июль. (СОТА). Вьетнам информация агенттігі мынаны хабарлады:

Женева кеңесінде қол қойылған уақытша бітім туралы келісімдерге және Тунг-Жиадағы соғыс кеңесінде келісілген, шарттарды орындау мақсатымен Орталық аралас комиссия құрылды, оған Вьетнам Халық армиясы мен Индо-Қытайдағы француз одағының қарулы күштерінің жоғарғы командованиелерінің өкілдері қатысады. Комиссияға уақытша бітім туралы келісімдердің шарттарын жүзеге асырудың жоспарын жасау және осы жұмыстардың орындалуына бақылау жүр-

Совет үкметінің нотасы туралы Тольяттидің мәлімдемесі

РИМ, 27 июль. (СОТА). «Унита» газеті коллективтік хауіпсіздіктің жалпыевропалық системасын құру туралы мәселе жөнінде кеңес шақыруды ұсынған Совет үкметінің нотасы туралы Тольяттидің мәлімдемесін жариялады.

«Совет Одағының Великобритания, Франция және АҚШ үкметтеріне жасаған ұсынысының Италияға да қатысы жоқ деп санау, —деген Тольятти, —қателік, елеулі қателік болар еді. Бұл ұсыныстың біз үшін маңызы бар, соның өзінде өмірлік маңызы бар...

Біз бейбітшілікке мұқтаж болып отырмыз. Біз бейбітшілікке, мүмкін, Европаның басқа халықтарынан анағұрлым мұқтаж болып отырмыз. Итальян халқы соғысты және соғыс шараларын жек көреді, бейбітшілікті тілеп отыр. Мұның дұрыс екендігі соншалық, тіпті американ империализміне қызмет етіп отырған клерикалдық билеп- төстеушілердің өздері де коллективтік хауіпсіздік арқылы бейбітшілікті қамтамасыз ету мақсатын көздейтін нақты ұсыныстарға өздерінің қосылатынын жұрт алдында сөйлеген сөздерінде сан рет атап көрсетуге мәжбүр болды.

Тіпті жақсы, нақты ұсыныс міне осы, біздің билеп- төстеушілеріміздің бейбітшілікке ұмтылған еркіне сын боларлық ұсыныс міне осы. Ендігі жерде бұлар Совет Одағының нақты ұсыныстары негізінде халықаралық келіссөздер жүргізуге өздерінің әзір екенін көрсететін әдіс табатын болсын —ал мұндай әдісті табу анағұрлым жеңіл, —міне сонда, тек сонда ғана, олар өздерінің бейбітшілікке ұмтылып отырғанын сөз қылғанда, олардың итальян халқын алдамайтынына біз сене аламыз.

Олардың бізге: «Европалық қорғаныс бірлестігін» құрғымыз келеді деп жауап беретінін мен білемін. Ал, әңгіменің өзі де дәл осында болып отыр. «Европалық қорғаныс бірлестігінің» жобасы бейбітшілік инициативасына қарама- қарсы әрекет болып табылады. Осындай әрекет арқылы, ескірген, тозығы жеткен және хауіпті американ саясатына сойкес, олар дуние жүзін онан әрі бөлшектеуде, қазіргі алауыздықтарды арттыра түсуде, қарулы жанжалға араласуға әзір отырған мемлекеттер топтарын құруда.

«Европалық қорғаныс бірлестігі» Европаны екіге бөлшектеп, әлі де ашық қалып отырған мәселелердің бірде- бірін шешпейді, демек, бұл «бірлестік» Европадағы жағдайды үнемі нашарлатуға, ал сайып келгенде соғысқа ұшыратуға бағытталған.

Ал оның бер жағында, Совет Одағы ұсынысының мақсаты, мұның керісінше, мынада болып отыр: неғұрлым елеулі мәселелерді де, мысалы, тиісті жақтарды жақындастыру, келіссөздер жүргізу және келісімдер жасасу арқылы Германия бірлігінің проблемасын да шешуге кірісіп, бұларды шешу керек...

Біздің билеп- төстеушілеріміздің арасында бұл дәлелдердің мейлінше елеулі екендігін түсінетін және осы жаңа, ұлы бейбіт инициативаны қолдау мақсатымен американдық қожайынның айтқанына ермей қыймыл жасауға батылы баратын адамдардың табылатын- табылмайтынын мен білмеймін. Ал егер билеп- төстеушілер мұны түсінбесе, мұны халық түсінеді, мұны ел түсінеді. Ал бейбітшілікті жақсы көріп, соған ұмтылып отырған және Италияның халықаралық келіссөздерге қайтадан қатыса бастауын тілеп отырған халық тарапынан, көптеген адал ниетті адамдар тарапынан жаңа және бейбітшіл итальян саясаты жүргізілсін деген қуатты, айқын, әмірі күшті талап қойылуда...

Европадағы коллективтік хауіпсіздік үшін

Финляндия Коммунистік партиясы председателінің мәлімдемесі

ХЕЛЬСИНКИ, 27 июль. (СОТА). «Вапаа сана» газетінің хабарына қарағанда, Финляндия Коммунистік партиясының председателі Аймо Аалтонен жуырда Варсинайс-Суоми провинциясы еңбекшілерінің мейрамында сөз сөйлеп, Совет—Финляндия қатынастарына тоқталған. Ол Совет Одағы мен Финляндия сыртқы істер министрлерінің келіссөздері туралы бірлесіп жасалған Совет —Финляндия мазмұндамасы екі елдің арасында достық қатынастардың нығайып отырғандығының айғағы болып табылады деп көрсеткен.

Финляндияның белгілі бір топтары, деп атап көрсеткен Аалтонен, Солтүстік ынтымағы дейтіннің көмегімен Финляндияны «стыртын жолмен» батыстың соғыс одағына қатыстыруға тырысуда.

Кәзіргі уақытта, деген ол, совет халқы және басқа бейбітшіл халықтар жалпыға бірдей бейбітшілікті қамтамасыз етуге өздерінің күш- жігерін жұмсап отырған кезде, Финляндия Европада коллективтік хауіпсіздік системасын, —герман милитаризмін қайта тудыруға жол бермеуге болатын система құру туралы Совет Одағы жасаған ұсынысты қолдау арқылы бейбітшілікті қорғау ісіне өзінің күрметті үлесін қоса алады.

Аалтонен сөзінің қорытындысында Совет Одағымен экономикалық қатынастардың Финляндия үшін зор маңызы бар екенін атап көрсеткен.

ҚХР-дің БҰҰ-дағы заңды праволары қалпына келтірілсін!

АМЕРИКАН АВИАЦИЯСЫНЫҢ ҚЫТАЙ ХАЛЫҚ РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ САМОЛЕТТЕРІНЕ ҚАРАҚШЫЛЫҚ ШАБУЫЛЫ

НЬЮ- ЙОРК, 27 июль. (СОТА). Американ агенттіктерінің хабарларынан байқалып отырғанындай, АҚШ Қыйыр Шығыста жаңа елеулі арандатушылық әрекет жасаған. 26 июльде американ соғыс самолеттері Қытайдың Хайнань аралы ауданында Қытайдың екі самолетіне қарақшылық шабуыл жасап, оларды атып түсірді. Бұл шабуыл фактісі мемлекеттік секретарь Даллестің мәлімдемесінде мойындалған.

Бұл қарақшылық шабуылды жасаған американ самолеттерінің базасы авианосецтер болғандығы хабарланды; бұл авианосецтер Қытай истребительдері қателесін атып түсірген ағылшынның жолаушылар самолетімен болған жанжалдан кейін Хайнань ауданына жіберілген көрінеді.

Американ соғыс өкмет орындарының Женева кеңесінің табысы нәтижесінде едәуір бәсеңдеген Қыйыр Шығыстағы шиеленісті жағдайды қайтадан үдетуді көзден арандатушылық шабуыл жасау үшін ағылшын самолетімен болған жанжалды пайдаланғаны күмән туғызбайды.

НЬЮ- ЙОРК, 26 июль. (СОТА). Ассошиэйтед Пресс агенттігінің Лондондағы тілшісі Гэвшонның хабары бойынша, хабарға қаныққ ресми адамдар былай деп көрсетуде: Черчилль мен Иден Хайнань аралы ауданындағы жанжал жөнінде тынышсыздануда (әңгіме американ авиациясының ҚХР-дың самолеттеріне шабуыл жасауы жөнінде болып отыр — **Ред.**), өйткені олар.... бұл жанжал «тек олардың сыртқы саясатының негіздеріне ғана емес, сонымен бірге жалпы бейбітшілікке» қатер туғызады деп есептеуде...

ЛОНДОН, 27 июль (СОТА). Ағылшын газеттері американ самолеттерінің Қытайдың екі самолетін атып түсіргені туралы хабарға түсінік бере келіп, Құрама Штаттардың «ақмақтық» әрекетінің жаңа, бұрынғыдан да елеулі жанжалдарға әкеліп соғуы мүмкіндігіне хауіптену білдіреді.

«Манчестер гардиан» газеті ағылшын самолетімен болған жанжалдан кейін үш күннен соң Қытай жағалауында американ истребительдерінің болуы арандатушылық әрекет деп жазған.

«Дейли мейл» газетінің дипломатиялық тілшісі былай деп жазды: «Англияның бір самолеті атып түсірілгенде біз Америкадан соғыстық сыйпаты бар әрекет жасауды өтінгеміз жоқ. Менің түсінуімше, екі американ авианосец ағылшын үкметімен ақылдасымай жіберілген (Хайнань аралы ауданына—**Ред**)».

«Дейли экспресс» және «Дейли скетч» газеттері Американың әрекеттері Англияның жұртшылық пікірі тарапынан мүлдем қолданбай отырғанына абыржуда.

АҚШ ТАРАПЫНАН БОЛҒАН ӘДЕЙІ АРАНДАТУШЫЛЫҚ

ПАРИЖ, 28 июль. (СОТА). Франс Пресс агенттігі Сингапурдан мынаны хабарлайды: жергілікті кәсіпкер топтарда [illegible]

Қытай Халық Республикасы үкметінің АҚШ үкметіне наразылығы

ПЕКИН, 27 июль. (СОТА). Синьхуа агенттігі Қытай Халық Республикасы сыртқы істер министрінің орынбасары Чжан Ханьфудың мәлімдемесін хабарлады, бұл мәлімдемеде американ самолеттерінің Қытайдың әуе кеңістіктеріне басып кіріп, Қытайдың екі күзетші самолетін атып түсіруіне байланысты Құрама Штаттардың үкметіне ең батыл наразылық білдірілген. Мәлімдеменің текстінде былай делінген:

Құрама Штаттардың соғыс- теңіз флотының құрамында екі авианосеці мен бірнеше эсминеці бар құрамасы 1954 жылғы 26 июльде Қытайдың Хайвань аралының шығыс жағалауына іргелес ауданға келіп кірген, 9 сағат 25 минутта төрт американ истребитель самолеті осы авианосестерден әуеге көтеріліп, Юйлинь портының үстінде Қытайдың әуе кеңістігіне басып кірген. 10 сағат 05 минутта 12 американ истребитель самолеті Хайнань аралындағы Ляхойдың үстінде әуе кеңістігіне басып кіріп, Қытайдың екі күзетші самолетіне атака жасап, бұл самолеттерді атып түсірген. Осыдан кейін тағы да екі американ истребителі шүйіле ұшып келіп, Польшаның екі сауда кемесін және Қытайдың эскордтық кемесін атқылаған. Қытайдың экспордтық кемесі қорғану мақсатымен бұған қарсы оқ атқан кезде, бұл самолеттер қашып кеткен.

Мұның бәрі Құрама Штаттардың империалистері тарапынан заң мен моральді бұзу арқылы жасалған тағы бір заңсыз агрессия әрекеті болып табылады.

Қытайдың Тайвань территориясын оккупациялап алған АҚШ империалистері бірнеше жылдан бері Чан Кай-шидің бандасын көптеген самолеттермен, соғыстеңіз кемелерімен, әртүрлі қарумен және соғыс материалдарымен жабдықтап, Чан Кай- шидің бандасына бағыт сілтеп, бұл банданың Қытайдың жағалаудағы аудандары мен араларына үнемі, шабуыл жасауына, Қытайға жасырын агенттер жіберуіне, әртүрлі елдердің Қытайға сауда жасау мақсатымен келе жатқан сауда кемелерін қарақшылықпен ұстап алып, тонауына көмектесін келеді. Ол ол ма, АҚШ соғыс- теңіз және соғыс-әуе күштерінің өздері де Қытайдың территориялық сулары мен әуе кеңістігіне сан рет басып кіреді. Кәзіргі уақытта, Женева кеңесін шақыру және Индо-Қытайда бейбітшілікті қалпына келтіру туралы келісімге қол жету нәтижесінде халықаралық шиеленісте кейбір бәсеңдеушілік болып отырған кезде, американ империалистері өздерінің «күш жұмсау тұрғысынан жүргізілетін саясатын» масқара сәтсіздікке ұшырау-дан сақтап қалу үшін бұрынғыдан да көрі есуастанып, Чан Кай-ши бандасы қалдықтарының континенттік Қытайға шабуылдар жасауына және олардың қарақшылық әрекеттеріне басшылық етіп, бұларды қолдап келеді.

Соңғы уақытта Құрама Штаттардың соғыс- теңіз және соғыс-әуе күштері Оңтүстік Қытайдың жағалаудағы ауданына өздерінің соғыс әрекеттерін ұлғайта түсті. Құрама Штаттардың әуе күштері мен Чан Кай-ши бандасының бұл ауданның үнемі мазасын кетіруі салдарының жақ өзінен Хайнань аралындағы Юйлинь портының үстінде 23 июльде таңертең ағылшын транспорт самолеті қапылыста жанжалға душар болды. Ал кәзір Құрама Штаттардың бақытсыздыққа ұшыраған самолетті сақтап қалу дегенді сылтау етіп, насырға шапқандығы соншалық, тіпті бұл ауданда қытай халқына қарсы агрессияның құлақ естімеген масқара әрекеттерін жүзеге асыру үшін өздерінің соғыс-теңіз флотының құрамасы мен истребитель самолеттерін жіберуге дейін барып отыр, мұның өзі Қытайдың әуе кеңістігіне басып кіруден, Қытайдың екі күзетші самолетіне тағылықпен шабуыл жасап, оларды талқандаудан, сондай-ақ Қытай кемесін шүйіле ұшып келіп атқылаудан айқын көрінеді.

Осымен Қытай Халық Республикасының Орталық халық үкметі Құрама Штаттардың соғыс- әуе күштерінің Юйлинь порты мен Ляхой үстінде Қытайдың әуе кеңістігіне басып кіруден, Қытайдың екі самолетіне нағыз барып тұрған тағылықпен шабуыл жасап, оларды талқандаудан, сондай-ақ Қытай кемесін шүйіле келіп атқылаудан айқын көрінген қылмыстық әрекеттеріне қарсы Құрама Штаттардың үкметіне ең батыл наразылық білдіреді. Құрама Штаттардың империалистері тарапынан жасалған бұл масқаралық агрессия әрекеттерін қытай халқы асқан күшті ашу-ызамен айыптауда. Осымен Қытай Халық Республикасының Орталық халық үкметі Құрама Штаттар үкметінің мұндай агрессия әрекеттерін дереу тоқтатуға тиіс екендігін оған қатты ескертеді; бұлай болмаған күнде Құрама Штаттардың үкметі өзінің арандату әрекеттері үшін және бұл әрекеттердің бүкіл зардаптары үшін толық жауап беруге тиіс болады. Қытай Халық Республикасының Орталық халық үкметі осы жанжал кезінде, Қытайдың екі самолеті атып түсірілген жанжал кезінде қаза болған адамдар мен материалдық шығындар үшін Құрама Штаттар үкметінен күн төлетін алу прасвосын өзінде сақтайды.

Қазақ ССР прокуратурасында

Республиканың прокуратура органдары колхоздардың кейбір басшы қызметкерлерінің мемлекетті алдағандығы жөніндегі бірқатар фактілерді әшкереледі. Мемле- [illegible] man атындағы колхоздың қой фермасының бұрынғы меңгерушісі Шаламаевты және осы колхоздың пішеншілер бригадасының бұрынғы бригадирі Мәделовты мал азығы [illegible]

тау міндеті жүктелді.

Орталық аралас комиссия өзінің жұмысын 29 июльде Тунг-Жиада (Солтүстік Вьетнам) бастайды.

ИНДОНЕЗИЯ ХАЛҚЫ ДӨҢГЕЛЕК СТОЛ КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ ТЕҢ ПРАВОЛЫ ЕМЕС ҚАРАРЛАРЫНЫҢ ЖОЙЫЛУЫН ТАЛАП ЕТУДЕ

ДЖАКАРТА, 28 июль. (СОТА). Баспасөздің хабарына қарағанда, бүгін Индонезия үкметі Гаагадағы келіссөздерге байланысты Голландия-Индонезия қатынастары туралы мәселені онан әрі талқылаған газеттер саяси партиялармен кәсіп одақтардың көпшілігін одақты дереу бұзып, батыс Ираннан Голландия әскерлерін әкетудің талап етілгенін атап көрсетеді.

Индонезия Коммунистік партиясының Орталық Комитетінің бас секретары Айдиттің мәлімдемесі жарияланды. «Компартия,—деп көрсетілген мәлімдемеде, — Индонезия халқының дөңгелек стол конференциясының қарарымен Голландия-Индонезия одағын жоюға толық правосы бар деп есептейді. Халық бұл келісімдерді 17 августқа-Индонезияның тәуелсіздігі жарияланғанына 9 жыл толуына дейін жоюды талап етеді». Батыс Иран проблемасына тоқталып Айдит Голландия бұл мәселеде «Батыс Иранды агрессия жасау үшін база ретінде пайдаланғысы келіп отырған АҚШ интервенттерінің тарапынан көмек алды» деп көрсетеді.

Көрнекті саяси қайраткер, департамент депутаты Диапари де батыс Иранның империалистік агрессияның базасына айналып кету хаупін атап көрсетеді.

СОЛТҮСТІК ВЬЕТНАМДА АТЫСТЫҢ ТОҚТАТЫЛУЫ

ШАНХАЙ, 28 июль. (СОТА). Вьетнам информация агенттігі мынаны хабарлады:

27 июльде Вьетнам Халық армиясының жоғарғы командованиесінің өкілі баспасөз конференциясында Вьетнам Халық армиясының Солтүстік Вьетнамдағы майданның барлық участоктерінде атысты тоқтату туралы бұйрықты орындағандығын хабарлады. Ол Солтүстік Вьетнамдағы барлық халық әскерлері біздің бас қолбасшымыздың атысты тоқтату туралы берген бұйрығын бұлжытпай орындап, 27 июльде таңертеңгі сағат 7-де атысты толығынан тоқтатты деп мәлімдеген.

ТУНИСТЕГІ ШИЕЛЕНІСКЕН ЖАҒДАЙ

ПАРИЖ, 28 июль. (СОТА). Баспасөздің хабары бойынша, Тунистегі жағдай шиеленісе түсуде. «Фран -Тирер» газеті 27 июльге қараған түні француз әскерлері, полиция және жандармерия Тунис қаласының арабтар тұратын кварталдарында жаппай тінту жүргізді, бұл тінту кезінде жүзден артық тунистік азаматтар тұтқынға алынды деп жазады.

Сфакс қаласында француз әскерлерінің Сфаксты қоршап алуына қарсы наразылық білдіру ретінде саудагерлер ереуілдер жариялады. Барлық магазиндер және басқа сауда орындары жабылды.

Атом қуаты бейбітшілік пен көркею ісінің мақсатына пайдаланылсын!

Индия халықтарының талаптары

ДЕЛИ, 27 июль. (СОТА). Бүкілиндиялық бейбітшілік советінің шақыруы бойынша бүкіл елде бұқаралық митингтер мен жиналыстар өткізіліп, бұларда Индо- Қытай мәселесін бейбітшілікпен реттеу туралы Женева келісімін қуттықтаған қарарлар қабылдануда. Митингтерге қатысушылар атом қуатын бейбіт мақсаттарға бірінші болып пайдаланып отырған Совет Одағының саясатын бірауыздан мақұлдайтынын білдіруде.

Делиде болған митингте сөз сөйлеген Индия ұлттық конгресі партиясының ең қарт мүшесі Пандит Сундерлал Женева келісімін ұлы жеңіс деп сыйпаттап, бұл жеңістің сонымен қатар бейбітшілікті жақтаушылардың халықаралық қозғалысының едәуір дәрежедегі еңбегі болып табылатынын атап көрсеткен.

Митингте қабылданған қарарда былай делінген: «Делидегі тұрғын халықтың митингісі Индо- Қытайдағы атысты тоқтату туралы келісімге қол қойылуын қуттықтайды... Халықаралық шиеленістің кәзіргі барлық себептерінен дүние жүзін құтқару үшін, адамзаттың дүниежүзілік үшінші соғыстың жантүршігерлік бүліншілігі болады деп қорықпай, бейбітшілікте өмір сүре алатын болуы үшін державалар арасында бұдан былай жүргізілетін келіссөздердің табысқа жетуіне бұл келісім жол ашып отыр.

Митингке қатысушылар атыс тоқтатылғаннан кейін іле- шала жасалуға тиісті саяси келісім Индо- Қытайдың үш мемлекетінің толық тәуелсіздігін және олардың территориясында шетелдік әскерлердің қатысуынсыз өздерін басқару формасын еркін таңдап алу правосын көздеуге тиіс деп берік сенетінін білдіреді.

Делидегі тұрғын халықтың митингісі бейбітшілік үшін күрестегі келесі ең жедел және қажетті қадам ретінде Қытай Халық Республикасының БҰҰ-дағы заңды праволарын қалпына келтіруді талап етеді. Қытайдың 600 миллионнан асатын халқының заңды өкілдерінің қатысуынсыз Азияның немесе бүкіл дүние жүзінің ешқандай проблемасын қанағаттанарлық түрде шешуге болмайды.

Ақырында, митингке қатысушылар Индо- Қытайдағы ұрыс қыймылдары аяқталғаннан кейін Азияның барлық елдері өзара келіскен қадамдар жасайды, сөйтіп, империалистік державалар Азияны бөлшектеуге, басып- түншықтыруға және қанауға құрал етіп пайдаланушы тырысып отырған соғыс шарттарының системасына қарсы шығады, бұл системаның орнына Азияның барлық елдері үшін, олардың саяси құрылысына қарамастан, коллективтік бейбітшілік пен хауіпсіздік системасын құруды жақтап шығады деген сенім білдіреді».

Митингке қатысушылар Совет Одағының атом қуатын бейбіт мақсаттарға пайдаланып отырғанын қуттықтайтын мынадай қарарды бірауыздан қабылдаған:

«Делидегі тұрғын халықтың митингісі атом қуатымен жұмыс істейтін дүние жүзіндегі тұңғыш өнеркәсіп электр станциясын салған совет ғылымдарын, инженерлері мен жұмысшыларын қызу құттықтап, оларға сәлем жолдайды. Совет үкметі мен халқы бұл табысымен молшылықтың және көркеюдің тамаша болашағын бүкіл адамзатқа көрсетіп берді, ал егер атом қуаты жаппай қырып-жоятын қару жасау үшін емес, қайта адамға қызмет ететін бейбіт мақсаттарға қолданылатын болса, бүкіл дүние жүзінің осындай тамаша болашағын қамтамасыз етуге болады.

Митингке қатысушылар бүкіл дүние жүзінің үкметтеріне үндеу жазып, оларды жаппай қырып-жоятын қарудың барлық түрлеріне тезінен тыйым салу үшін, сөйтіп, ядролық қуаттың бүкіл дүние жүзіндегі қайғышылық пен аштықты жоюға және барлық адамдардың тамаша тұрмысын жасап беруге пайдаланылатын болуы үшін қадамдар жасауға шақырады.

Митинг әсресе атом қаруы мен термоядролық қаруды жасап, пайдалана алатын державаларға үндеу жазып, мұндай қаруды қолданбауға және ендігі жерде мұндай қарумен ешқандай тәжрибе жасамауға келісетін бірлескен декларация жариялауға шақырады. Мұндай келісім осындай қаруды өндіруге толық тыйым салу және атом қуатын бейбіт мақсаттарға пайдалануды қамтамасыз ету бағытында жасалған ең бағалы бірінші қадам болар еді».

ЧЕРЧИЛЛДІҢ МӘЛІМДЕМЕСІ

ЛОНДОН, 27 июль. СОТА). Бүгін қауымдар палатасында парламенттің мүшелері — лейбористер премьер- министр Черчилльдің Женева кеңесінің табысы нәтижесінде халықаралық жағдайдың жақсарғанын пайдаланып қалуын және басқа да халықаралық проблемаларды реттеу мақсатымен үш держава басшыларының кеңесі туралы ұсыныс жасауын талап етті. Черчилль бұл мәселе жөнінде белгілі бір жауап беруден жалтарды.

Лейборист Бивен осы аптаның соңында қауымдар палатасы жазғы каникулға таратылғанға дейін үкметтің Европадағы коллективтік хауіпсіздік туралы мәселе жөнінде кеңес шақыруды ұсынған совет нотасына жауап беруін ұсынды. Черчилль былай деп жауап берді: «Мен күрделі жағдай таяудағы бірнеше күннің ішінде толық айқындалады деп кепілдік бере алмаймын. Совет үкметінің жақындағы ұсынысы кеңестер өткізумен байланысты маңызды мәселелер көтерді, міне бұл мәселелердің бәрі үш одақтастың арасында талқылануға тиіс».

авиациясының Қытай самолеттеріне қарақшылықпен шабуыл жасауы туралы әңгіме болып отыр— **Ред.**). теріс пікір айтылуда. Сауда палатасының ықпалды мүшелерінің бірі бұл шабуылды әдейі арандатушылық деп бағалады.

АҚШ-тың ФИНЛЯНДИЯҒА ҚЫСЫМ ЖАСАУЫ

ХЕЛЬСИНКИ, 28 июль. (СОТА). «Ууси Суоми» газеті былай деп жазады: АҚШ Совет Одағымен жасалған сауда келісімі жөніндегі «өзінің елеулі түрде тынышсызданатынын» Финляндияға ресми емес түрде білдіріп, бұл сауда келісімі АҚШ-тың Финляндияға «экономикалық көмек» көрсетуін қыйындатады деп қорқытты.

ГОМИНДАНДЫҚТАРДЫҢ ТАЙВАНЬ-ДАҒЫ СОҒЫС ӘЗІРЛІКТЕРІ

ПЕКИН, 28 июль. (СОТА). Бүгін «Женьминьжибао» газеті чанкайшилік топтың американдықтардың нұсқауы бойынша Тайвань аралында жүргізіп жатқан соғыс әзірліктері туралы мақала жариялады.

Газет жуырда орта дәрежелі оқу орындарын бітірген көп мыңдаған адамдар күшпен әскерге алынып, соғыс өнерін үйрету үшін казармаларға жіберілуде деп жазады. Көптеген оқушылар , американчанкайшилік топтың зеңбірек жемі болғысы келмей, соғыс өкмет орындарының буйрықтарына бағынбай, соғыс өнерін үйренуден бастартуда.

нің есептерінде дайындалған мал азығының мөлшерін қасақана асырып көрсеткен. Мал азығы туралы көзбояушылық мәліметтер берудің салдарынан колхоз шаруашылығына үлкен зиян келтірілген. Мал азығының жеткіліксіздігінен көптеген мал шығын болған.

Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Сталин атындағы колхоздың председателі Қасаев мал азығын өндіру жөніндегі жұмысты ұйымдастырмаған. Өзінің жайбарақаттығын жасыру үшін, ол аудандық ұйымдарға мал азығы қорын жасау жөнінде асыра көрсетілген мәлімет берген. Жемшөп дайындауға жауапсыз қарағандықтың салдарынан колхоздың қоғамдық малынан көптеген шығынға жол берілді. Өзінің жайбарақаттығы және мемлекетті алдағаны үшін Қасаевты Қызылорда облыстық соты қылмыс заңының 109-статьясы бойынша 3 жылға бас еркінен айыруға үкім етті.

Оңтүстік Қазақстан облысы, Арыс ауданы, Карл Маркс атындағы колхоздың қой фермасының бұрынғы меңгерушісі Құлабаевты малды азықпен қамтамасыз етпегені және мал азығы қорын жасау жөнінде анық емес мәлімет бергені, сол арқылы мал шығынына жол берілгені үшін Арыс аудандық 2-участоктік халық соты қылмыс заңының 110-статьясы бойынша 3 жылға бас еркінен айыруға үкім етті.

Гурьев облысы, Шевченко ауданы, Тельғаны және мал азығын өндіру жөнінде жалған мәлімет бергені үшін Шевченко аудандық халық соты қылмыс заңының 109 статьясы бойынша олардың арқайсысын бір жылмерзімге еңбекпен түзеу жұмысына жіберу жөнінде үкім етті.

Оңтүстік Қазақстан облысы, Шәуілдір ауданы, «Актөбе» колхозының председателі Құлынбаев және сол колхоздың ферма меңгерушілері Нұрпейісов пен Жанбасов мал азығын қажетті мөлшерде дайындауды қамтамасыз етпеді, ал аудандық ұйымға асыра көрсетілген мәлімет берді. Құлынбаевтың, Нұрпейісов пен Жанбасовтың ісі облыстық сотқа берілді. Бұл сыяқты қылмысты істері үшін басқа да колхоздардың басшы қызметкерлері бас жауапкершілікке тартылды.

Республика прокуроры Набатов жолдас мал азығын дайындау туралы берілетін мәліметтердің дұрыстығына бақылауды күшейту және мал үшін азық дайындау жоспарының орындалуын қамтамасыз етпеген және мал азығын дайындау туралы дұрыс емес мәлімет берген колхоз және совхоз қызметкерлерін сотқа беру жөнінде барлық облыстық прокурорларға нұсқау берді. Республика прокуроры, сол сыяқты мемлекетке жат әрекеттерге жол берген МТС, ММШС-тердің, совет, және ауылшаруашылық органдарының жауапты қызметкерлерін жауапқа тартуды ұсынды.

Редактор Г. МҰХАМЕДЖАНОВ.

Совхоздар Министрлігінің автомобиль базасына түпкілікті жұмысқа табельщиктер, шоферлар, слесарьлар және жұмысшылар керек. Сол сыяқты мұнда құрылыста жұмыс істеу үшін ағаш шеберлері, штукатурлар, тасшылар, отын кесу және отын дайындау жөніндегі жұмысшылар КЕРЕК.

Еңбекақы келісім бойынша төленеді.

АДРЕС: Петропавл қаласы, Киров көшесінің бас жағындағы автомобиль базасы.

Петропавлдың жүк тиеу және жүк түсіру мекемесіне Петропавл және Мамлютка станцияларындағы жүк тиеу пункттерінде жұмыс істеу үшін жүк тиеуші жұмысшылар КЕРЕК.

Еңбекақы істеген жұмысына қарай төленеді.

Жұмысқа қабылдау тәртібі жөнінде Петропавл станциясының жүк тиеу мекемесіне (товар қоймасы жанында), Мамлютка станциясында жүк тиеу пунктіне келіп түсінік алуға болады.

Қалалық сүт заводына цехтарда жұмыс істеу үшін жұмысшылар КЕРЕК.

АДРЕС: Куйбышев көшесі, 51-үй. (Ойқала).

Шағын двигательдер заводына түпкілікті жұмысқа ағаш шеберлерін, балта ұсталарына, макарон цехына тұрлі жұмысшылар, кочегарлар және артель жанынан ұйымдастырылатын кочегарлар даярлайтын оқуға оқушылар алады.

АДРЕС: Папанин көшесі, 59-үй.

«Главметаллсбыттың» Петропавлдағы металл қоймасына түпкілікті жұмысқа жүк тиеуші жұмысшылар, құрылысшы инженер КЕРЕК.

АДРЕС: Андреев көшесі, 78 үй. Телефон — вокзал арқылы 2-35.

Петропавл қаласы, Халтурин көшесі, 72-үйде тұрушы Вячеслав Устинович Шипилов Челябы облысы, Коркино қаласы, Роза поселкасы, Восточная көшесінде тұрушы Нина Федоровна Шипиловадан айрылатыны жөнінде арыз берді.

Іс Петропавл қаласындағы 3-участоктік халық сотында қаралады.

Петропавл қаласы, Степанов көшесі, 22-а үйде тұрушы Гурий Григорьевич Лыжин Дарья Григорьевна Лыжинадан (ол да сол үйде тұрады) айрылатыны жөнінде арыз берді.

Іс Петропавл қаласындағы 1-участоктік халық сотында қаралады.

Киноларда

«УДАРНИК» КИНОТЕАТРЫНДА

«ДҰШПАНДЫҚТЫҢ КҮЙРЕУІ»

Сағат 8-30, 10-30-да басталады.

«ОКТЯБРЬ» КИНОТЕАТРЫНДА

«МҰНЫ ҰМЫТУҒА БОЛМАЙДЫ»

Сағат 10-30-да басталады.

РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор—1-86, редактордың орынбасары —1-59, секретарат —1-33, партия, насихат және хабар бөлімдері—0-22, ауылшаруашылық және өнеркәсіп- транспорт бөлімдері —2-36, мәдениет- тұрмыс және тілшілер бөлімдері —3-39, корректорлар бюросы—4-39. Газет баспасы —5-53, газет табыс етілмесе—1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.

УШ 02076. Қазақ ССР Мәдениет министрлігі баспа және полиграфия өнеркәсібі Жоғары басқармасының № 18 баспаханасы, Петропавл қаласы, Ленин көшесі, 21 үй.